

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ ЖӘНЕ ОРТА  
АРНАУЛЫ БІЛІМДЕНДІРУ МИНИСТРЛІГІ

БЕРДАҚ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҚАЛПАҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
УНИВЕРСИТЕТІ

ӨЗБЕК ФИЛОЛОГИЯСЫ ФАКУЛЬТЕТІ  
ТҮРКІ ФИЛОЛОГИЯСЫ КАФЕДРАСЫ

Факультет деканы:

\_\_\_\_\_ Абдуллаев Х.

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2015 ж.

5120100 -филология және тілдерді оқыту (Қазақ филологиясы)

бакалавр бағдарының 4-курс студенті

**Айпейсова Салтанаттың**

**«Мұхаметжан Сералиннің шығармашылығы»**

**тақырыбындағы**

**БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ**

Қорғауға рұқсат берілді

Түркі филологиясы

кафедрасының меңгерушісі

\_\_\_\_\_ Г. Адилова

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2015ж.

Ғылыми жетекшісі:

\_\_\_\_\_ доц., Қ. Аралбаев

НӨКІС-2015 ЖЫЛ

Мемлекеттік аттестация комиссиясының

ҚАУЛЫСЫ:

5120100- филология және тілдерді оқыту (Қазақ филологиясы)

бакалавр бағдарының 4-курс студенті

**Айпейсова Салтанаттың**

**«Мұхаметжан Сералиннің шығармашылығы»**

**тақырыбындағы**

**бітіру-мамандық жұмысына**

**«\_\_\_\_\_» балл қойылсын**

МАК бастығы: \_\_\_\_\_

МАК орынбасары: \_\_\_\_\_

МАК мүшелері:

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

# **Мұхаметжан Сералиннің шығармашылығы**

## **Жоспар**

### **Кіріспе**

#### **I Тарау**

##### **М.Сералиннің өмірі және журналистік қызметі**

1.1. М.Сералиннің өмірі мен өскен ортасы

1.2. Мұхаметжан Сералин - тұңғыш кәсіби журналист

#### **II Тарау**

##### **М.Сералиннің «Топ жарған» поэмасы**

2.1. «Топ жарған» поэмасының тақырыбы мен идеялық

мазмұны

2.2. Поэмадағы көркем бейнелер, олардың жасалуы

#### **III Тарау**

##### **М.Сералиннің «Гүлкашима» поэмасы**

3.1. Поэманың тақырыбы мен идеялық мазмұны

3.2. «Гүлкашима» поэмасының тілі мен көркемдігі

### **Қорытынды**

### **Пайдаланған әдебиеттер**

## Кіріспе

Қазіргі таңда Өзбекстан халқы елбасымыз И.А.Каримовтың дана басшылығы арқасында демократиялық мемлекет құру жолында аянбай тер төгіп, еңбек етуде. Елбасымыз тікелей араласып, өмірге, тұрмысқа енгізіп отырған игілікті істер қазір өз жемісін бермекте.

Қабылданып жатқан қаулылар мен шешімдердің бірқатарында, әсіресе, өнер мен көркем әдебиетке ерекше мән беріліп, олардың жаңа заман адамын биік адамгершілік, асқақ гуманизм, интеллектуальды азаматтар етіп тәрбиелеу ең негізгі де басты мәселе екендігі нақты көрсетіліп отыр.

Президентіміз И.А.Каримовтың « Жоғары руханият-Жеңілмес күш» деп аталатын еңбегінде: *«Агарки мандан, хозирги кунда маънавиятимизни асраш учун нима қилиши лозим ва унга тахдид соладиган хуружларга нимани қарши қуйши керак деп сураса, мен авваламбор шу юртда яшаётган хар қайси инсан узлигини англаши, қадимий тарихимиз ва бой маданиятимиз, улуг аждодларимизнинг меросини чуқурроқ узлаштириши, бугунги тез узгараётган хаёт воқелигига онгли қараб, мустақил фикрлаши ва диёримиздаги барча узгаришларга дахлдорлик туйғуси билан яшаши зарур, деп жавоб берган булардим»<sup>1</sup>*, - деп айқын көрсеткен.

Міне, біздің алдымыздағы басты азаматтық міндетімізді бұдан артық қалай айту мүмкін ?.

Президентіміз «Өтмішсіз – келешек жоқ» деп даналықпен көрсеткеніндей біз өткенімізге, тарихымызға қазір жаңаша қарап, тарихи тұлғаларымызды дұрыс та ақиқат әрі әділ бағалауға қол жеткіздік. Соның бір көрінісі - әдебиет тарихымыздың бастау көздерінің жаңаша зерттеле бастауы.

---

<sup>1</sup> И.А.Каримов. Юксак маънавият – енгилмас куч. Тошкент, 2008, 17- б.

Осы тұрғыдан қарағанда, қазақ әдебиетінде ХХ ғасырдың бас кезіндегі әдебиетіміз тарихын зерттеу мен зерделеу, сол кезеңде көрінген әдеби мұраларымыздың ең жақсыларын ел кәдесіне жарату бүгінгі таңдағы ең маңызды істердің бірі болып табылады.

Әрине, ХХ ғасырдың 17-18 жылы Ресей қоластындағы халықтар үшін қайғысы мен қасіреті де мол кезең болғанын айтуға тиіспіз. Дегенмен, бұл дәуір ішінде тарихи маңызы зор аса елеулі оқиғалар да болып өтті, олар кең байтақ қазақ даласын да ұйқыдан оятты, қазақ халқы үшін үлкен бір сілкініс дәуірі болып есептелді. Атап айтқанда, 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы, 1914-жылы басталған Бірінші дүниежүзілік империалистік соғыс, 1916 жылғы Россия мемлекетінде жасаушы орыс емес, басқа бұратана ұлттардан майданның қара жұмысына солдат алуға наразылықтардан келіп шыққан жер-жерлердегі ұлт азаттық көтерілістері, 1917 жылғы ақпан буржуазиялық төңкерісі. Осы төңкерістен кейін тарихта, дүние жүзі тарихында тұңғыш рет Россияда жаңа типтегі Кеңес мемлекетінің орнауы, дүние жүзі бір-біріне қарама қарсы екі үлкен лагерьге айналуы – бұлардың бәрі де осы кезеңдегі аса зор саяси-әлеуметтік мәні бар құбылыстар болатын.

Демократтық-реалистік әдебиет А.Құнанбаев пен Ы.Алтынсарин негізін салған халықтық әдебиеттің шынайы дәстүрін творчестволықпен игере отырып, оны жаңа дәуірге сәйкес ілгері дамытты. Осы бағыттағы әдебиетіміздің көрнекті өкілдері М. Сералин, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, С. Көбеев, С. Торайғыров, С. Дөнентаев, Т. Жомартбаев, Б. Күлеев т.б. болды.

Бұлар суреттемек болған өмір құбылыстарына халықтың тілек-мүдделері тұрғысынан келді. Ал олардың шығармаларының негізгі тақырыптары: кедей шаруалар тұрмысы, әйел-қыздар теңдігі мәселесі, оқу-ағарту істері, ескі феодалдық әдет-ғұрыптарға қарсылық т.с. мәселелер болатын. *«Қазақ жазба әдебиеті осы кезеңде жанр жағынан едәуір байи түскенін*

*көреміз. Ғасырлар бойғы қазақ әдебиетінде тек поэма ғана болып келсе, енді проза, публицистика, драматургия жанрлары дүниеге келді»<sup>2</sup>*, - деп атап көрсетіледі қазақ әдебиеті тарихында .

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақтың көркем әдебиеті мен баспасөзі туралы сөз болса, ең алдымен аталуға тиісті қайраткерлердің бірі – көрнекті ақын, аудармашы, қазақ журналистикасының негізін салушы М.Сералин екендігі ешқандай шүбә туғызбайды. М. Сералиннің журналистік, жазушылық және аудармашылық қызметі қазақ әдебиеттану ғылымында әлі көп сөз бола қоймады да түбегейлі зерттеліп болмады.

Еліміз өз тәуелсіздігін алып, егемендігіне еріскеннен бастап-ақ, М. Сералин тәрізді халқымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі жолында қажырлы еңбек еткен, қалам қаруын елінің мәдениеті мен әдебиетінің кемелденуіне жұмсаған азаматтарымыз тарихымызға қайта оралып, өз орындарын тапты. Әрине, елу жылға жақын өмір кешкен, кезінде «Айқап» тәрізді саяси да қоғамдық-әлеуметтік маңызы ерекше тұңғыш қазақ журналын шығарған, ең алғаш рет қазақ тілінде Фирдоусидің атақты «Шаһнама» эпопеясының бірнеше тарауларын аударуға ат салысқан, сонымен бірге, орыс жазушыларынан да бірқатар прозалық, поэзиялық дүниелер аударып, оларды сол кездегі мерзімді баспасөз беттерінде үнемі жариялап отырған М. Сералин творчествосы туралы ештеңе айтылмады деуге болмайды.

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** М. Сералиннің артына қалдырған әдеби мұрасы аса көп те емес. Дегенмен, ол кісінің тұңғыш қазақ журналы «Айқапты» шығаруы, қазақ журналистикасының ірге тасын қалаудағы ерекше еңбектері тарихи маңызға ие. Оның төл туындылары - екі поэмасы: «*Топ жарған*», «*Гүлкашима*» деп аталатын поэмалары 1900, 1903, 1905 жылдарда әлденеше рет басылып шыққан, жеке кітап болып жарияланған. Өз кезінде халық игілігіне қызмет еткен, қалың оқырман арасына кең

---

<sup>2</sup> Қазақ әдебиеті тарихы. II том. 2- кітап. Алматы, 1986, 21-б.

таралған туындылар болып табылады. Бұдан кейін М.Сералиннің парсы-тәжік әдебиетінің орта ғасырларда жасаған ұлы классик ақыны Фирдоусидің «*Шахнама*» атты атақты эпопеясынан аударған «*Рүстем-Зораб*» атты еңбегі де «Айқап» журналының бірнеше санында басылып шығады. Әрине, ақын бұл туындысын тікелей парсы тілінен емес, орыс ақыны Жуковскийдің аудармасы бойынша тәржімелейді. Сонымен қатар, М.Сералин орыс жазушысы А. Сорокиннен «*Жусан*» атты әңгімені де аударып, қазақ оқырмандарына танытады. Бұл әңгіме де «Айқап» журналында 1915 жылы жарияланады.

Әрине, М. Сералиннің журналистік қызметі өз алдына үлкен бір сала. Қазақ мәдениеті мен баспасөзінің тарихында алатын орны М. Сералиннің ең алдымен оның журналистік қызметімен өлшенеді.

Проф., Б. Кенжебаев: «*Мұхаметжан Сералин «Айқап» арқылы, өз туындылары арқылы қазақ халқының Абай мен Ыбырай негізін қалаған жаңа әдебиетінің ХХ ғасыр басында өркендей түсуіне елеулі үлес қосты. «Топ жарған», «Гүлкашима» деген поэмалары өз заманындағы жаңа, тұңғыш тарихи-реалистік, романтикалық поэмалардан саналады<sup>3</sup>*», - деп бағалаған болатын.

Демек, қазақ әдебиетінде төл, сюжетті туындылар ХХ ғасыр басында жарық көре бастады. Қазақ әдебиеті тарихында сюжетті поэмалардың (әрине, қазақ тұрмысынан алып жазылған) пайда болуы мен басталуы негізінен М. Сералиннің есімімен байланысты. М.Сералиннің «*Топ жарған*» поэмасы-1900ж. жазылып, сол жылы баспа бетін көрген туынды. Қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш тарихи поэма деп атауға толық негіз бар бұл туынды біздің заманымызда да бірнеше рет басылып шықты. Ал ақынның екінші поэмасы ХХ ғасыр әдебиетінде ерекше мәні бар әлеуметтік

---

<sup>3</sup> Б.Кенжебаев. ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Алматы, 1989, 108-б.

мәселе ретінде көтерілген, әрі мейлінше өнімді жырланған тақырып - әйел теңдігі мәселесін егжей-тегжейлі сөз еткен кең жоспарлы, көлемді эпикалық шығарма болып табылады. Демек, М. Сералиннің көркем әдебиет саласындағы бұл екі туындысы ерекше сөз етуге тұрарлық дүниелер, әдебиетіміздің дамуында өзіндік орны бар әдеби мұра деп тануға әбден болады.

Қысқасы, қазақтың ХХ ғасыр басындағы ақын-жазушылары өздерінің таңдаулы шығармаларында қазақ халқының бұрынғы, өз тұсындағы әдебиетінің жақсы үлгі, дәстүрлерін әрқайсысы өз шамаларынша ілгері дамытып отыруға ұмтылды. Оны қазақ халқының бүгінгі, барынша озат, терең идеялы, көп жанрлы, барынша көркем, нағыз реалистік әдебиетіне ұштастырды.

Бітіру-мамандық жұмыста М. Сералиннің шығармашылығы, оның журналистік қызметі мен көркем әдебиет саласындағы екі поэмасы зерттелді. М.Сералиннің аудармашылық қызметі өз алдына дербес зерттеуді қажет етеді. Әрине, М.Сералиннің журналистика саласындағы қызметі және поэмалары бойынша бұрын-соңды жазылған, жарияланған мақалаларды да басшылыққа ала отырып, өз жұмысымызда М.Сералиннің журналистика саласындағы еңбегі мен екі поэмасының идеялық-көркемдігін, сол дәуір шындығын танытудағы ерекшеліктерін ашып көрсетуді мақсат еттік.

Бітіру-мамандық жұмысы кіріспе, негізгі үш тарау және қорытындыдан тұрады.

Бірінші бөлімде жазушының өмір жолы мен журналистика саласындағы қызметтеріне талдау жасалады.

Екінші бөлім «Топ жарған» поэмасының тақырыбы мен идеялық, жанрлық өзгешеліктері» деп аталып, мұнда шығарманың сюжеті жан-жақты талданып, оның жанрлық тұрғыдан тарихи-эпикалық туынды екендігі, танымдық маңызы айтылады.



Жұмыстың үшінші бөлімі «Гүлкашима» поэмасының идеялық мазмұны» делінеді, мұнда «Гүлкашима» поэмасы тақырыптық, идеялық-көркемдік тұрғыдан талданады. Әсіресе, поэмада көтерілген негізгі дәуірлік мәселелерге ақынның көзқарасы, әйел теңдігі мәселесінде ұстанған позициясы, поэманың көркемдік шешімі, сол дәуір, заман шындығының өзара үйлесімі деген мәселелерге жауап беру басты назарда болды.

Сондай-ақ, бұдан өзге, бұл тарауларда талданған поэмалардың көркемдігі мен тілі туралы да ой өрбиді. Сонымен қатар, ақынның сөз қолдану шеберлігі, сюжет құру, образ жасаудағы ізденістері, журналист болғандықтан авторда публицистикалық стильдің көбірек ұшырасатындығы, нақтылық, деректілікке көп мән берушілік жақтарына да тоқталдық.

## I Тарау

### М.Сералиннің өмірі және журналистік қызметі

#### 1.1. М.Сералиннің өмірі мен өскен ортасы

Қазақ халқының XX ғасыр басындағы белгілі қоғам қайраткері, ақын-журналисі М. Сералин 1871 жылы бұрынғы Қостанай уезі, Шұбар болысының бесінші ауылында (қазіргі Қостанай облысы, Қарабалық ауданының «Өрнек» колхозында) туған. Әкесі - Сералы, атасы- Тұрсынбай. Тұрсынбай әке-шешесінен екі-үш жасында жетім қалады. Өзінің дәулетті жақыны Кенжетай деген байдың қолында тәрбиеленеді. Өмірі кедейлік тұрмыста өтеді. Бірақ оның еті тірі, ақындығы бар адам екен. Сералы әке-шешесінен жастайынан жетім қалады, кедейшілікпен күн кешеді, бірақ әкесі сияқты пысық, шешен, өзінің өлең шығаруға бейімділігі болады.

Оның жастау шағында Қожа еліне атақты Орынбай ақын келеді, Сералы сол Орынбай ақынмен айтысады. Осыдан былай, оның ел ішінде ақын атағы жайылады. Ол да өз аулында серілік құрып, өлең айтып, өз тұсындағы ақындармен айтысады. Сералының өлеңдері ауыздан-ауызға, елден-елге тарайды. Оның осындай ел аузында сақталған екі өлеңі 1915 жылы «Айқап» журналында жарияланған. Ол өлеңдерінде Сералы өзінің жастай жетім қалғанын, кедей болғандығын айтады:

Жақсылар қоршап келгенде,  
Бөгежектеп таймадым.  
Сералы, сөйле дегенде,  
Сауық қып айтып, сайрадым.  
Қайран халқым, бекзаттар,  
Жаннан артық сыйладың.  
Жоқшылық түсіп жүрсе де,  
Әзір жатқан алтынды  
Алайық деп қоймадым.  
Қысқа жіп келмей күрмеуге

Ғазиз жаным қинадым.

Құрбының жықпай ажарын,

Көз жасымды тыймадым.

Сералының екі әйелі: үлкені - қазақ, кішісі - татар болады. Қазақ әйелінен екі ұлы, бір қызы, татар әйелінен Мұхаметжан, Фазылжан, Хакімжан деген үш ұлы болады. Сералы қайтыс болғанда, Мұхаметжан үш-төрт жаста екен.

Мұхаметжанның шешесі күйеуі өлген соң, жас үш баласымен Тройцк қаласына келеді. Өзінің сондағы туысқандарының қолында тұрады. Бір байдың жүн жуу кәсіпшілігінде жұмыс істейді. Жұмыстан қолы бос кезінде күндік жұмыс істеп, жүн жуады, үй ақтайды. Осылай көп жылдар балаларын асырап күнелтеді.

Мұхаметжан 8 жасында оқуға түседі. Медреседе оқып жүріп, шыны сауыттарды желімдеп жамауды үйренеді. Сынған. жарылған кесе, табақ, шәйнек сияқты ыдыстарды жөндеп, ақша тауып, шешесіне көмектеседі.

Мұхаметжан медреседе жеті жылдай оқиды. Мұсылманша орта дәрежелі білім алады. Содан кейін, 1881 жылы, Қостанай уезінің Бестөбе болысындағы Арыстан деген бай жездесінің (Сералының үлкен әйелінен туған қызының күйеуі) қолында тұрады. Мұхаметжан жаздыгүні Арыстанның жұмысын істейді, қыстыгүні соның балаларымен бірге Қостанайға барып орысша оқып, білім алып жүреді. Сөйтіп, Қостанайдағы екі кластық орыс-қазақ мектебін 1891 жылы бітіріп шығады. Оны сол жылы Арыстан өзінің баласымен бірге Орынборға алып барады. Екеуін сондағы оқытушылар әзірлейтін училищеге оқуға түсірмек болады. Мұхаметжан кіру емтиханын жақсы тапсырып, оқуға алынатын болып, Арыстанның баласы емтиханды тапсыра алмай, училищеге алынбайды. Өз баласы алынбаған соң, Арыстан Мұхаметжанды да оқуға түсірмей, еліне алып қайтады.

1891-1900 жылдар арасында Мұхаметжан біраз уақыт ауылнайдың хатшысы болып істейді. Сосын Арал теңізі жағына барып мұғалім болып жұмыс істеп тұрады. Сол елде жүріп, үйленіп, тұрмыс құрады.

*«...Қазақ даласында, Арал теңізі жағасында Тәліп деген жерде, № 4 ауылда Жасағанберген Пірманов деген қазақтың үйінде алғашқы ауыл мектебі ашылды.*

*Мектеп ашыларда келген қазақтар бұрын өздері көрмеген мектеп құралдарына таңырқай қарады. Дегенмен, мектепке аса зор ілтипат білдіріп, бірінші сабақ басталарда класта 18 бала отырады. Бұл мектепке оқытушылыққа Қостанай педагогикалық класын бітірген Сералин мырза деген қазақ тағайындалған. Қазақтардың орыс мектебіне зор сеніммен қарауына, сірә, бұл жағдай да себеп болады білем»,*- деп жазған «Новости» газеті 1898 жылғы санында.

1900 жылы М. Сералин Тройцк қаласына барады. Сондағы татар Яушев деген миллионерге қызметке тұрады. Әуелі оның тері-жүн сатып алатын дүкенінде бір-екі жыл сорттаушы болады, кейін оның дүкендерінің сатушылық жұмысын істеп, ал 1909-1910 жылдары Яушевтің жұмыскері болып алады. Үй-үйді, елді аралап жүріп, Яушевтің әркімге қарызға, несиеге берген товарларының ақшасын жинайды. Өзінің осы соңғы жұмысы Мұхаметжанға ұнайды, оның ой өрісінің кеңеюіне зор әсер етеді. Өйткені ол осының арқасында халықпен араласады, ел тұрмысымен танысады: Дала жайы мен қала жайын, ауыл мен қала халықтарының хал-ахуалын салыстырады; өз халқының саясат, шаруашылық, мәдениет жөнінен мүлдем артта қалғандығын аңғарады.

Тройцкіге барып, Яушевке қызметке тұрғаннан бастап, Мұхаметжанның шаруашылық жағдайы, тұрмыс күйі жақсарған. Ол орысша, татарша газет, журналдар алып оқитын болады. Жұмыстан қолы босағанда кітапханаға барып, түрлі кітаптар оқып, білімін көтереді; әдеби-творчестволық және саяси-әлеуметтік қызметпен шұғылдануға әуестенеді. Орыс халқы-

ның классикалық әдебиетін оқиды; қазақтың тарихын, бұрынғы және сол кездегі әдебиетін зерттейді.

Сөйтіп жүріп, М. Сералин бірсыпыра мысал өлеңдер жазады. 1900 ж. «Топ жарған», 1903 ж. «Гүлкәшима» деген поэмалар жазып, бастырады. Оның бұл поэмалары өз кезінде жаңалық, зор еңбек болып табылды.

1906 ж. мемлекеттік Бірінші Думаға депутаттарды сайлау ісі жүргізіледі. Торғай облысына екі орын беріледі. Оның бірі - қазақтар арасынан, екіншісі орыстар арасынан сайлануға тиісті болады. Сонда бұқарашыл адамдар қазақ арасынан М. Сералин сайлансын деп ұсыныс жасайды. Бірақ олардың бұл ұсынысы өтпейді. Қазақтың би-болыстары, бай-феодалдары және бірқатар оқығандары М. Сералинге қарсы шығып *«ол діннен безген, қазақты христиан дінінде болуға үгіттеп жүрген адам»*, - деп жала жабады.

Яушевтің қарамағында әр түрлі жұмыстар істеп, жүріп, елдің саяси-шаруашылық, мәдени тұрмысымен танысқан М. Сералин қазақ тілінде журнал шығару керек екен деген ойға келеді. Өзінің елдегі, қаладағы көңіл жақын адамдармен сөйлесіп, сол журналды шығару үшін қаржы жинайды, өкіметтен рұхсат сұрайды, баспахана ашу ісін қарастырады. Мұхаметжанның қазақ тілінде журнал шығару жөніндегі ізгі ойы 1911 жылы орындалады. Сол жылы январь айында Тройцк қаласында «Айқап» журналы шықты. Оның шығарушысы да, редакторы да М. Сералиннің өзі болды. М. Сералин «Айқап» журналын шығара жүріп, Тройцкідегі қазақ оқушылары арасында тәлім-тәрбие жұмыстарын да жүргізеді. Бұл кезде Тройцкіде «Узифа» медресесі, ер балалар, қыз балалар гимназиялары бар еді. Оларда бірсыпыра қазақ жастары оқыды. Мұхаметжан сол оқушы жастардың басын қосып, оларға қазақ халқының тарихы, сол кездегі халжайы, болашағы туралы оқта-текте баяндамалар жасап, лекциялар оқитын болған.

«Айқап» журналы 1915 жылдың сентябрь айында жабылды. Журнал жабылған соң, Мұхаметжан біраз уақыт Троицкіде орыс тілінде шығып тұратын «Степь» газетінің редакциясында қызмет істейді. 1916 жылы өз ауылына көшіп кетеді де, 1919 жылдың басына дейін сонда тұрады.

М. Сералин отырықшы болуға, егін шаруашылығымен айналысуға «Айқап» журналы арқылы қазақ халқын көп үгіттеп, насихаттаған еді. Еліне келген соң ол өзінің осы насихатын жүзеге асыруға кірісті. Ақсор деген өңірден жер өлшетіп алып, өз аулын және өзін тыңдаған ауылдарды біріктіріп, жоспарлы түрде поселке салдырды, оны Сералы поселкесі деп атаған. Поселкенің көшелеріне ағаштар отырғызады, ортасына мектеп, медресе, кітапхана, монша, тиірмен салғызады. Кітапханаға өз кітаптарынан біраз кітаптар береді. Москва, Петербург, Ташкент, Орынбор, Уфа, Қазан қалаларында шығып тұратын газет, журналдар жаздыртып, кітаптар алдырады. Мектепте, медреседе сабақ беретін оқытушыларды да сол Уфа, Қазан, Орынбор Тройцк сияқты қалалардан шақыртады. Поселкенің жанындағы Ақсай деп аталатын бір сайды көптің күшімен бөгетіп, су қоймасын жасайды; бау-бақша егіп, ағаш отырғызудың пайдасын халық арасында түсіндіреді; әр үйге бау-бақша, ағаш еккізеді.

Сералы поселкесінен үлгі алып, Шұбар болысының басқа жерлерінде де халық отырықшылық жұмыспен айналысып, поселка сала бастайды. Мысалы, Жарсор деген алқапқа поселке салынып онда да әлгіндей шаруашылық, мәдени орындарын орнатады.

Осыдан кейін Мұхаметжан Тройцкіге жиі-жиі барып жүрді. 1918 ж. күзінде бір барып келгенінде оған Ғазизов деген бір татар ілесе келеді. Ол халықты жинап сөз сөйледі, ішкі-сыртқы жағдайды түсіндіреді. Жиналғандардан талапкерлер болса, оларды партияға алатынын білдіреді.

1919 ж. басында М. Сералин Орынбор қаласына барады, Кеңес өкіметінің қызметіне араласады. Губерниялық жер-су бөлімінде істейді. Содан кейін Орынбордағы қазақ өлкесін басқаратын соғыс-төңкерістік

комитетінің қазақ тілінде тұңғыш рет шыққан «Ұшқын» газеті редакциясының алқа мүшесі болып істейді. 1920 жылдың аяқ кезі мен 1921 жылдың бас кезінде Мұхаметжан өз еліне қайтады. Онда Шұбар болыстық атқару комитетінің председателі болып қызмет істейді. Сонымен бірге, болыстық атқару комитеті жанындағы партия ұйымының секретары болып сайланады. Бұл кезде халықтан салық азық-түліктей алынатын еді. Ол салықты жинау үстінде Мұхаметжан байлар мен кулактарға қарсы батыл күрес жүргізіп, өкіметке астық және басқа азық-түлік жөнінен зор көмек көрсетеді. Болыстық атқару комитетінің председателі болып тұрғанда, Мұхаметжан халық арасындағы мәдени-ағарту жұмыстарын өрістетуге көп күш салады. Болыс орталығынан клуб-театр салғызып, болыстың әр жерінен мектептер ашады.

1922 ж. Қостанай өз алдына губерния болып құрылады. Осы кезде Мұхаметжан Сералин губерниялық қызметке шақырылады. Онда әуелі губерниялық жер бөлімінің бастығы, әрі губерниялық атқару комитеті президумының мүшесі болып істейді. Сол жылы қыркүйек айында Қостанай Советтерінің губерниялық III съезі шақырылады. Съезде М.Сералин әрі губерниялық атқару комитеті председателінің орынбасары болып сайланады.

М. Сералин анкетасында 1919 жылдың 3 қаңтарынан бері партия мүшесімін деп жазады. Ол - 1919 жылы Орынборда қызмет істеп жүрген кезінде мүшелікке өткен сияқты. 1922 жылғы қыстыгүні Советтердің бүкіл Қазақстандық бірінші съезі шақырылады, Мұхаметжан съезге делегат болып қатысады.

1923-26 ж. ол Қостанай губерниялық комитетінің органы «Ауыл» газетінің редакторы қызметін атқарады. Бірақ денсаулығының нашарлауына байланысты М.Сералин 1928 ж. өзінің туған жеріне біржолата оралады. Ақырында, ұзаққа созылған өкпе ауруынан журналист-ағартушы М. Сералин тамыз айында қайтыс болады. Оның сүйегі Қостанай

облысының Қарабалық ауданында жерленеді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда М.Сералиннің есімі мәңгілестірілді, шығармалары жеке кітап болып басылды. Халқы үшін аянбай еңбек еткен патриот-журналист ақынның биік азаматтық тұлғасы халқының жас ұрпақтарын отаншылдық рухында қызмет етуге шақырады, үлгі-өнеге болудың жолдарын көрсетеді.



## 1.2. Мұхаметжан Сералин – тұңғыш кәсіби журналист

М. Сералиннің журналистік қызметі қоғамдық екі кезеңге, публицистикалық шығармалары екі бөлімге бөлінеді: Кеңес төңкерісінен бұрынғы журналистік қызметі, «Айқап» журналында басылған мақалалары;

Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі журналистік қызметі, «Ұшқын», «Еңбекші қазақ», «Ауыл» газеттерінде басылған мақалалары.

Алғашқы жылдары «Айқап» журналы туралы, сонымен байланысты М. Сералиннің қызметі туралы екі түрлі көзқарас айтылып жүрді. Біреулері журналды да, журналдың редакторы Мұхаметжанды да реакцияшыл деп жаңсақ бір жақты бағалауға тырысты. Екіншілері - мұндай сыңар жақтыққа қарсы болды. Журналдың прогрестік ролін, халықтық маңызын, оны ұйымдастырып, шығарудағы Мұхаметжанның еңбегін дұрыс бағалады.

Рас, «Айқап» журналының да, оның редакторы М.Сералиннің де кейбір қате-қайшылықтары болды. Сонымен қатар, «Айқап» журналы мен М. Сералиннің прогресшіл-ағартушылық ролі де кезінде зор болды. Олар халықты оянуға, ескілікке қарсы күресуге, жаңаша да орысша оқуға, еңбекке, өнерге, орыс мәдениетін үйренуге, отырықшылыққа, егіншілікке, қала, поселке салуға шақырды.

Осы екі жағын дәл көрсетіп, әділ бағалағанда, «Айқап» журналы мен М.Сералиннің реакцияшылдық әлсіз жағынан гөрі прогресшілдік, демократтық-ағартушылық бағыттағы істері басымдау екені айқын. Жалпы алғанда, Сералин демократ-ағартушылық бағытта болды, оның басқарған журналы «Айқап» та прогрестік роль атқарды.

«Айқап» журналында М. Сералиннің қырықтан аса ірілі-уақты мақаласы басылған. Мұхаметжанның өз қолын қоймаған немесе бүркеншік аттармен жариялаған мақалалары бар. М. Сералин мақалаларында қазақ халқының әлеуметтік өмірінің сол замандағы бірқыдыру маңызды да өміршең мәселелері, саяси-шаруашылық, мәдениет жайы, халықтың тарихы, болашағы айтылып отырады.

М. Сералиннің публицистік мақалаларының көбінде тақырыбына сай аты болмайды, ол күнделік ретінде, хат сияқты етіп жаза отырып, оның айын, жылын, жер атауын тақырыптың аты орнына ала салады. Мысалы «Шаһар Троицк», «Февраль», «1911 жыл» деген сияқты ат қойған. Бірқатарын «Басқарушылардан», «Оқушыларға», «Сұрауларға жауап» деген сияқты бірыңғай, ұқсас аттармен жазады. Яғни М. Сералиннің бір мақаласының бірнеше мәселені сөз ететіні де, әр түрлі тақырыпқа жазылған бірнеше мақаланың бір аттас болып келетіні де болады.

М. Сералиннің «Қызмет иесі мырзаларға», «Қадірмен оқушыларға», «Басқарушыдан», «Айқап» деген сияқты бірқатар мақалалары «Айқап» журналы туралы соның аты, мақсаты, жылдық жұмысының қорытындысы, алдағы уақыттағы міндеттері туралы мәселелер қозғайды. «Қызмет иесі мырзаларға» деген мақаласында: *«Журнал шығарудағы мақсат атақ шығару, білім сату емес, халыққа қызмет ету болды... Журналымызға «Айқап» деп есім бердік... Біздің қазақтың «Ай қап! демейтұғынын қай ісі бар? Қап дегізген қапыда өткен істеріміз көп болған соң журналымыз да өкінішімізге лайық «Айқап» болды»*, - деп жазады.

«Құрметті оқушылар!» деген мақаласында «Он екі айдан бері «Айқап» жұрттың біразын оқуға үйір қылды; қазақша ойлауға, ойлаған ойын қазақша жазуға бірсыпыра адамды үйретті. Заманымыздағы халық басында тұрған ең керекті болған мәселеміз жер әңгімесі турасында аздықөпті жұрттың ойын қозғауға себеп болды... Народный суд, әйел теңдігі, балаларды оқыту, сайлауға таласудың зарары хақында аз да болса, сөз қозғап жатыр,- дейді.

Ал журналдың 1912 жылғы бірінші санында басылған «Қадірмен оқушылар» деген бас мақаласында «Айқаптың» алдағы уақыттағы міндеттерін санап көрсеткен: *«Биылғы жылы « Айқап» журналының алдымен қолға алатұғын мәселесі, былтырғыдай, жер мәселесі болады. Яғни алты алаштың баласына егін шаруашылығына қолайлы жерлерде*

*қала салуды қуаттап, халыққа шамадан келгенше соны түсіндіру. Жерден соңғы журналдамыздың көп жүргізетін мәселесі таласу һәм партия болуды жоғалту хақында болады... Үшінші мәселеміз- оқу һәм оқыту хақында болады...*

*Төртіншіден, қатын қыздарымыздың кемшілікте тұрғандықтарын, халыққа ескерту. Бұл мәселе біздің қазақ халқында қозғалмай, тың жатқан мәселенің бірі болғандықтан, бұл туралы ащы-тұщы әр түрлі сөздер « Айқапта» өткен жылы да біраз жазылып өтті, тағы жазылмақ.*

*Осылар сияқты мұң- мұқтаждарымыз толып жатыр. Барлығын тізе берсек, қағазға сыймас. Әйтеуір, «Айқап», қазаққа жұғысы болған қай мәселені болса да, шамасынан келгенше қадірлі үндеусіз босқа жібермеске тырысады», - деген.*

*1915 ж. август айында «Айқап» тоқталғанда, «Басқармадан» деген мақала жазып, Мұхаметжан журнал жұмысының барлық нәтижесін қорыта, соғыс, қымбатшылық себепті енді журналдың тоқтайтынын айта келіп:*

*«Ал, енді, алаштың азаматтары! Әркім барына мәзір деген зой. Біз қолымыздан келген жұмысымызды алаш пайдасына жұмсаудан тартынбай: қазақ жұртымызға аз да болса бір соқпақ жол болсын деп, бастап журнал шығардық. Мақсатымыз дүние жиып байымақ, пайдаланбақ емес, тек қана жұрттың көзі, құлағы болмақ еді. Білгенімізді жаздық айттық. Жазылған сөзімізде, ойлаған ойымызда жаңылыстарымыз көп болған шығар... Алайда, не жазсақ та таза жүрек, таза ниетпен жазып едік.*

*Соның үшін азаматтар бізді айыптамас деп үміт етеміз.*

*Журнал шығарғандағы мақсатымыз- халыққа жол көрсетпек еді. Газетшілік һәм журналшылықтың қазақ жігіттерінің қолынан да келетін жұмыс екендігін сипат етпек еді. Біз бұл мақсатымызға жеттік. Ендігі жұмыс оқыған жастардың мойнында*

*Біз надан боп өсірдік  
Иектегі сақалды.  
Біз болмасақ сіз барсыз,  
Желкілдеп шыққан жа шөптей,  
Үміт еткен достарым,  
Сендерге бердім батамды,- дейді.*

Сонымен, «Айқап» журналының, оның редакторы М. Сералиннің алдымен қолға алған, көп жазған негізгі маңызды мәселелері мен мақсаттары «Қазақ халқының мұқтаждығы», «Біздің бұрынғы һәм қазіргі халіміз», «Шәһар Троицк, март 1912 жыл», «Келешек заманымыздың қамы», «Жер әңгімесі», «Отырықшы болған қазақтар туралы», «Шәһар Троицк, 15 февраль 1914 жыл», «Ескі жыр» деген мақалаларында сөз етіледі.

*«Қазақ халқының мұқтаждығы» деген мақаласында, әуелі «қазақ халқының қазіргі мұқтаждығы, тілегі не?» деп сұрау қойып алады да, сол сұрауға жауаптар жазады. Кейбіреулер қазақ халқының қазіргі тілегі бұрынғы қалпында көшпелі, мал өсіруші жұрт болып қала беру дейді; енді біреулер: қазақ халқының қазіргі тілегі өз алдына мүфтилік алу дейді. Әр адамның ойлағаны осы,- дей отырып, бұндай ойлардың дұрыс емес екендігін дәлелдеп береді. Ақырында, ол қазақ халқының қазіргі тілегі: «Қай қалыппен болса да, жерге орналасып алу... Бізге ең пайдалы болған іс тезірек қала салып, егін пайдасына жарайтын жерлерді сақтап қалу. Бұлай істесек, бізге келетұғын екі-үш түрлі пайда бар: әуелі, өзіміз сұранып қала салсақ, аз да болса егін салуға қолайлы жерлерге ие болып қаламыз... Екінші пайдамыз - қала салсақ, мешіт саламыз, мектеп ашамыз. Медресе ашып, балаларымызды оқытып, сүйікті отанымыз болған Россияның пайдалы жұртының бірі боламыз... Үшінші пайдамыз - қалалы халық болсақ, баяғы сұраған дін турасындағы тілектеріміз де орнына келеді.*

*Ау, жұрт! Ойланайық! Келешек заманымыз қалай болады? Заманға муафық іс істейік! Заманның соңынан біз қумасақ, заман бізді күтпейді», - дейді.*

*«Біздің бұрынғы һәм қазіргі халіміз» деген 1911 ж. жазған мақаласында Мұхаметжан осы пікірлерін тағы айтады: халықты отырықшы болу, қала салу, егін кәсібімен айналысуға үгіттейді; оянуға шақырады.*

*М. Сералин «Шәһар Троицк, март 1912 жыл» деген мақаласын оқушылардың сұрауларына жауап етіп жазған. Отырықшы болу, қала неліктен пайдалы деген сұрауға жауап береді:*

*«Біздің түсінуімізге қарағанда, қала салып, мужик ретімен жер алу пайдалы болса керек... Қала салып, бір жерге қазақ басын қосып қалса, халық халықтығын жоғалтпас еді, Һәм қазіргі қолда бар тәуір жерден жер алып қалар едік.*

*Көшпелі халықтың пайдасы болмаса керек. Пайдасы болмайтындығы - көшпелі халықтың пайдаланып отырған жері өзінікі болмай, әман қазыналық болып, хисап етіледі; мынау артық деген жер әман қазына пайдасына алына береді. Ақырында, жер азғана қалған соң, сол көшпелі деген елдің өзі де шарасыз қала болып отырса керек. Ол уақытта жердің қолайсызына һәм азына ұшырар. Бұл-бір*

*Екінші: жер тілімденіп алына қазақ ауылдары мужик қалаларының арасында бытырап қалып, түбінде өздері бір общество бола алмай, мужиктермен бір обществолас болып кетер. Мұның қазақ үшін қанша қолайлы, қанша қолайсыз екенін мужикпен көршілес қазақтар білсе керек, - деген.*

*М.Сералин Қазақстанға переселендер келтіруге, қазақ халқы мен орыс халқының араласуына достасуына қарсы болған жоқ, орналастыру ісіндегі осындай ретсіз, зорлықшыл саясаты жайында Қаратаевтың сөздерін мысалға келтіреді: «Біз киргиз-қайсақтар... біздің шаруа бауырларымыз-*

*дың жерге мұқтаждығын жақсы түсінеміз және сеземіз, біз ризашылығымызбен ығысып орын беруге әзірміз» (39- мәжіліс, 673-б.)*

Бірақ «басы артық жерлер өте аз», ал «көшіп келу қазіргі кезде киргиз-қайсақ халқын көшіріп жіберумен ұштасып жатыр»... «киргиздерді жерлерінен емес, олардың тұрғын үйлерінен көшіріп жатыр» (675). «Киргиз-қайсақтар әрқашан оппозициялық фракциялардың бәріне іш тартып отырады».

Сөйтіп, Б. Қаратаев пен М. Сералин патша үкіметінің Қазақстанға переселен келтіргенде, қазақтарды қонысынан көшіруіне, үй-жайларынан айдап шығуына қарсы болды. Бұл істері өте орынды да еді.

Мейлі Қаратаев болсын, мейлі Сералин болсын, патша үкіметі тұсында патша үкіметі құрған думаның мәжілісінде бұл ойларын батыл, ашық айта алмаған, тек «Қазақ, қырғыз патша үкіметінің аграрлық саясатына наразылық білдіреді, оппозициялық фракцияларды қолдайды», -деген

Қаратаев екінші Дума мәжілісінде (1907, июнь) сөйлеген сөзін біраз өзгертіп, 1907 ж. февраль айында болшевиктердің сол кезде Орынборда, татар тілінде шығып тұрған «Урал» (редакторы Х. Ямашев) газетінде «Қырғыздардың Россия халқына ашық хаты» деген үндеу жарияланған. Хат авторы патша үкіметінің қазақ жерін заңды, заңсыз тартып алып жатқанын әрі толық, әрі дәл етіп көрсеткен, зарлап отырып жазған. «Біз жоғарыда жазылған сөздерді орыс халқына дұшпандық ретінде айтып отырғанымыз жоқ, орыс халқы бізге дұшпан емес. Біздің бәріміздің дұшпанымыз- әуелден самодержавное правительство дұр»- деген. Мұнан кейін жер мәселесін екінші Думаның әр халық мүддесіне сай етіп шешуін талап еткен. Бірақ Дума жер мәселесін олай шеше алмайды. Патша өкіметі құрымай, жер мәселесі дұрыс шешілмейді дегенді айтқан. Хат аяғында «қырғыздардың уполномоченныйы» деп қол қойылған.

Біз осы хаттың авторы Қаратаев болуға тиіс деп ойлаймыз, себебі ол өзінің осындай көзқарасын, негізгі ой-пікірін ол кезде жасырын шығатын

большевиктік газетте ашық айтқан. Сонымен қатар, Қаратаевтың сөзі мен хаттың үні, рухы, бағыты бір. Екінші жағынан Б. Қаратаев депутат болған, «Қырғыздардың уполномоченныйы» деп соның ғана қол қоюы мүмкін.

Екінші жұртқа мәлім, ол кезде патша өкіметі қазақ сияқты ұсақ ұлттарды күштеп орыстастыру, олардың халықтық, ұлттық қалпын жою саясатын жүргізді. Мұхаметжан қазақтар мужик қалалары арасында бытырап қалады, мужиктермен бір общество болып кетеді дегенде, қазақ халқы мен орыс халқының достасуына, саяси, мәдени, шаруашылық жақтан қарым-қатынас жасап, араласып тіршілік етуіне қарсы болған жоқ; патша үкіметінің қазақты орыстандыру, қазақтың халықтығын жою саясатына қарсы болды. Ол: *«Қала салып, бір жерде қазақ басын қосып қалса, халық халықтығын жоғалтпас еді»*-деді. Яғни М. Сералин қазақтар орыс қалалары арасында бытырап қалса, орыстармен бір общество болса, халықтығын жояды, ал орыстармен қатарласып қала болып орналасса, халықтығын жоймайды деп ұқтырды.

«Айқап» журналының 1914 ж. 3-санында М. Сералиннің «Шәһар Троицк, 15 феврал, 1914 жыл» деген бас мақаласы мен Ә. Бөкейхановтың «Дума депутаттарына ашық хаты» басылған.

Ә. Бөкейханов өзінің хатында үкімет, қазақтың бірқатар оқығандары қазаққа отырықшы бол, қала сал деп жатыр. Бұл қазақ орысты аралас отырғызу, қазақты мұсылман дінінен шығару, орыстандыру болады дегенді айтқан. М. Сералин мақаласында Бөкейхановтың бұл пікіріне қарсы шыққан. *«... Мұнда бояуды қойылтарлық, оншама шаруаны үркітерлік іс жоқ... Россияда бірнеше губернаторда неше жүз жылдардан бері қарай орыстармен аралас тіршілік қылып келе жатқан мұсылмандар бар. Бұлардың мұсылмандығы Ғарапстан мұсылмандарынан кем емес. Кейбір жақтарынан тіпті күштірек те»*, - деген.

М. Сералин *«Келешек заманымыздың қамы»* деген мақаласында: «Қазақтың осы күнгі қалпы екі жолдың айрығына келіп тоқтаған, қай

жолға түсерін анық білмей дағдарған жолаушы секілді. Низам қазақтың алдына екі түрлі жол салып қойған: бірі-кочевой норма, яғни еркек- әйелге бірдей, қаз басқан жан басына он екі десятина жер алу, екіншісі- переселенческая норма. Ол бойынша қаз басқан еркек кіндікке он бес десятинадан жер алып, қала салып, отырықшы болу.

Бұл екі жолдың кейінгі нәсіл-несіп үшін қайсысы қолайлы болады деп ой жүргізбеген қазақ аз болса керек. Ақылы бүтін әр қазақтың басында осы ой бар. Бірақ мұның тиянақты шешуін көрсеткен адам әлі жоқ», - дейді .

Сералин осы мәселені шешу үшін қазақ съезін шақыруды талап етеді. «Осындай екі талай кезде бұрынғы ел ағасы адамдар съезд шақырып кеңескен. Әбілқайыр Россияға қосыларда осылай еткен. Біз де қазір солай етейік» дегенді айтады.

М Сералиннің бұл ұсынысын сол кездегі қазақ оқығандарының бір-қатары қолдады да, бірқатары қолдамады. Қолдамағандары мынадай дәлел келтірді: *«Қазір заман тар. Съезд шақыруға үкімет рұхсат бермейді. Берсе, тиісінше жартымды сөйлесуге, сөз қылған мәселелерімізді өзімізше шешуге ерік бермейді.*

Қазақ болып бас қоссақ, біз кемшілікте отырған жетім жұрт өкіметпен екі араны сөз қылмай қоймаймыз. Мұны осы күнгі газет тілінде политика дейді. Политика үкіметке таздың бөркін алғанмен бір есеп.

Сөз жоқ, ол кезде М.Сералиннің отырықшы болайық, жерге орналасып, қала салайық деген ұсынысы да, қазақ съезін шақырайық, онда өкімет, заң ерік берген мәселелерді болса да қарап, шешейік деген ұсынысы да әрі орынды, әрі өте прогресшіл ұсыныстар болып табылады. Өйткені бұлар халықтың шаруашылығы мен мәдениетінің өткендеуіне, саяси сезімінің оянуына, өсуіне себеп болатын еді.

Журналдағы жарияланған материалдарға қарағанда, М. Сералин қазақ халқының отырықшыланып, қала болуын жақтаған, халықтың саяси, мәдени шаруашылық жағынан өркендеуін алдына мақсат етіп қойып,



жазған мақалаларын осы сарынға ыңғайлайды. Ол көптің күшіне сенеді, бірлікке, бірлестікке шақырады. *«Біз қазаққа қала сал деп үгіт айтсақ... халықтың түпкілікті қонысқа ие болатындығы, кәсіпшіл болмақ, өнерлі болмақ, оқымысты, ілімді болмақ отырықшы болғанда ғана табылатындығын шамалап айтқан едік».*

*«Басқармадағы өтініш»* деген мақаласында «Айқаптың» оқушылары мен хабаршыларынан журналға өнер, ғылым техника жайынан мақалалар хабарлар жазып тұруды, көркем шығармалар жіберуді өтінген, журналда ондай хабарлар мен мақалаларға кең орын берілетінін айтқан.

Ал «Рүстем-Зорап», «Роман жарысы» «Айқап» басқармасының бір өтініші» деген мақалаларында әдебиеттің мәнін, қажеттігін түсіндірген. Бұрынғы әдебиет нұсқаларын, шешен, ақын адамдардың сөздерін жинау, жаңа әдебиетімізді өркендету жөнінде келелі пікір айтқан.

*«Біздің дертіміз»* деген мақаласында қазақтың мінез-қылықтарын тізіп көрсетеді; халықтың, ел ағасы адамдарының ондай құлықтардан арылуын талап етеді. Бұл мәселені Мұхаметжан жаңа жылдың келуімен байланыстырады.

Біз-дағы баяғы ата қалпын ұстап, оқушыларымызға жаңа жыл құтты, наурыз байсалды болсын дегенді тілейміз.

Сондай-ақ, М. Сералин *«Маржани»*, *«Жуырда орны толмастай өлім»* деген мақаларында да күншығыста болған діни оянушылықты, жәдидшілікті қолдап, соларға іш тартады. Яғни М. Сералин дін қызметкерлерінің, діни оянушылықтың жәдидшіліктің бұл кезде, империализм жағдайында, әлеуметтік революция қарсаңында реакцияшыл бағыт алып, панисламизммен, пантюркизммен ұласып кеткенін, буржуазияшыл ұлтшылдықтың төркіні болғанын аңғармады.

Кейбір зерттеушілер: М. Сералин мемлекеттік дума туралы жазған мақалаларында, әсіресе «Юбилей туралы» деген мақаласында патша үкіметіне дұрыс ниетте болды дегенді айтады. Бұл бекер. Өйткені

«Юбилей туралы» мақалаға қол қойылмаған. Ол Мұхаметжанның мақаласы болмауы да мүмкін.

*«Осы барған мырзалар өздерінің барып, Петерборды көріп қайтқанына мәз болмай, азырақ халық пайдасы туралы оны- мұны ескеріп қайтса дұрыс болар еді... Кеңесіп, тиісті орындарға мұң-мұқтажсымызды айтып, арыз ұсынса екен... Кезі келгенде мұқтажсымызды сұраудың үкімет алдында ешбір терісі болмас деп ойлаймын»,*-дейді.

Онан соң журналда М. Сералиннің мемлекеттік дума туралы екі мақаласы шыққан. Оның бірінде Мұхаметжан думада қазақ халқынан депутат жоқ екенін айтып ренжиді. Мақала *«Шәһар Троицк, июль 1912 жыл»* деп аталады. Онда автор әуелі, сол жылы 9- июньде думанын жабылғанын, оның соңғы мәжілісінде Таврический сарайын түзеу үшін 1 300240 сом ақша белгіленгенін хабарлайды; осы мәселені талқылау үстінде С. Мақсұтов деген депутаттың сөйлеген сөзін келтіреді:

*«Г. Думанын сарайындағы кемшіліктен басқа Г. Думаның өзінде де бек зор кемшіліктер бар. Сол кемшіліктердің біреуіне біздің мұсылмандар түсті. Бес жыл ішінде Г. Дума арқылы қазақ далаларына, Түркістан жағына арналған қаншама закон проектісі қаралып өтті. Бұл закондар қаралғанда олардан депутат болмады»,* -деген.

Мұнан кейін автор: «жоғарыда айтылған қалыпша сөз біздің қазақ, сарт, түрікмен, басқа Азия жұрттарының думаға депутат сайлаудан құр қалуы турасында еді. Ақ патшаға қараған қанша жұрт ішінде біздің қазақтың ала қозыдай бөлініп, көп жұрт пайдаланып жатқан теңшілдіктен құр қалуы әлбетте, біз үшін көңілді емес...

Бұл туралы патшаның өзі де түбінде бір түрлі «тадбир» істемей қалмас. Бірақ жұрт патшалықтан өтініп сұрауы керек еді», -дейді.

Бұл келтірілген фактілер мен үзінділерден байқалатын нәрсе – патшаны, патша үкіметін мадақтау емес, налу. Бұнысы патшаның, патша үкіметінің қазақ жөніндегі отаршылдық саясатына құлдық қылу емес, наразылық

білдіру еді. Патша үкіметі тұсында жария шығып отырған журнал бетінде патша үкіметі және оның саясаты жөнінде мұнан артық ашық айта алмады.

Міне, М. Сералиннің Кеңес кезеңінен бұрынғы журналистік қызметі мен «Айқап» журналында шыққан мақалаларының тақырыбы, мазмұны, мән-жайы осындай болатын.

XX ғасырдың алғашқы кезеңінде М. Сералин, ол шығарған, редакторы болған «Айқап» журналы да демократтық-ағартушылық бағытта болғанын айқын көруге болады.

## II Тарау

### М.Сералиннің «Топ жарған» поэмасы

#### 2.2. «Топ жарған» поэмасының тақырыбы мен идеясы

М. Сералиннің «Топ жарған» атты поэмасы төңкерістен бұрын жарық көрген тұңғыш реалистік шығармалардың бірі. Ақын шығармашылығын зерттеуші-ғалымдардың көрсетуінше, «Топ жарған» шығармасы 1900-жылы жазылған да, сол жылы жеке кітап болып жарияланған. Троицк қаласында жарық көрген бұл кітапша кейін 1903, 1907, 1915-жылдарда қайтадан басылып, халыққа кең тарап кеткен. Кеңес дәуірінде «Топ жарған» поэмасы тағы да бірнеше мәрте басылып шықты. 1936-жылдан бастап ұзақ жылдар бойы орта мектепке арналған әдебиет оқулығы мен хрестоматияларында да үзбей жарияланып келген. Қазір бізде «Топ жарғанның» соңғы өткен ғасырда жарияланған екі нұсқасы бар. 1960-жылы «Дастандар» атты жинақта жарияланса, 1983 ж. әдебиетші Төкен Әбдірахманов құрастырған «XX ғасырдағы қазақ ақындарының шығармалары» атты кітапта жарияланды. Негізінен талдау объектісіне осы жинақтар алынды. Бұлардағы поэма текстерінің бір-бірінен ешқандай айырмашылығы жоқ. Текстерде ұшырасатын бірен-саран сөздердегі айырмашылықтарды айтпағанда, екі жинақ та бірдей деуге болады.. Ал қазіргі кезде «Топ жарған» мектеп бағдарламасында берілмейді, тек жоғарғы оқу орындарында XX ғасыр басындағы әдебиет курсында ақын шығармашылығына байланысты сөз етіледі.

«Топ жарған» қазақ тұрмысынан алып жазылған әрі нақты тарихи шындыққа негізделген алғашқы реалистік туынды. М. Сералиннің бұл поэмасына дейін әдебиетімізде сюжетті поэмалар қатарында нағыз қазақ өмірінің шындығын бейнелейтін көркем эпикалық туындыларды онша ұшырата алмаймыз. Шәкәрімнің «Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр» туындылары «Топ жарғаннан» кейін жарияланғанын ескерсек, бұл

поэманың қазақ поэмалары тарихында алатын өзіндік орны, салмағы бар екені айқын көрінеді.

«Топ жарған»-тарихи поэма. Мұны барлық зерттеушілер де, әдебиетші қауым да толық мойындайды. Себебі поэманың кейіпкерлері, онда суреттелетін оқиғалар қазақ халқының өмірінде ХІХ ғасырдың 30-40 ж. болған тарихи шындықтың көрінісі екені ақиқат. Қазақстан тарихында ХІХ ғасырдың 30-40 ж. болған Кенесары Қасымов бастаған ұлт азаттық көтерілісіне тоқталынған. М. Сералин поэмасында да Кенесары көтерілісінен кейінгі, Кенесары мен оның жақтастарының көтеріліс жеңіліске ұшырап, мақсаттарына ерісе алмаған соң, әр түрлі іс-әрекеттермен айналысқаны туралы айтылады. Автор осындай кезеңдегі бірнеше эпизодты поэманың негізгі сюжетіне арқау еткен.

ХХ ғасырдың елуінші жылдарына дейін К.Қасымов бастаған көтерілістің сипатын бағалауда екі түрлі көзқарас болғандығы, көтерілісті халықтық деп бағалап келгендігі тарихтан мәлім. Кейін бұл көтеріліс «монархиялық көтеріліс» деп бағаланды да, К.Қасымов туралы неше түрлі жазғырулар, даттаулар орын алды. Елдеріміз өз егемендігін алған соң, Кенесары халық батыры, отаршылдық езгіге қарсы күрестің ұйымдастырушысы ретінде таныла бастады. Ал Мұхаметжан сонау 1900 жылдың басында-ақ, бұл көтерілісті халықтық сипатқа ие емес деген пікірде болғандығы көрінеді. Кенесары маңындағылардың ел тонаушылық, қарақшылық пиғылдағы адамдар екендігін танып біледі. Автордың демократтық көзқарасының айқын бір көрінісі оның орыс халқына болған жақсы көзқарасы поэма сюжетін құруынан да айқын көрініс береді.

«Топ жарған» поэмасының тақырыбы тарихи оқиғаға, яғни ХІХ ғасырдың 30-40ж. қазақ халқының өмірінде болған оқиғаларға байланысты. Автор өз тұсындағы көптеген ақын-жазушылар сияқты Кенесарыны «батыр еді, халықтың қамқоры еді» деп көзсіз дәріптей бермейді, керісінше, оны сыншылдық тұрғыдан сынап-мінеп отырады. Кенесарының

қасындағылардың көпшілігі өзінің туыстары, төлеңгіттері немесе елінен безген ұры-қарақшылар екенін, бұзық адамдар да баршылық екенін жасырмайды. Кенесарының да, оның басы-қасындағылардың да арман-тілегі ел тонап, құл-күң ұстау, оларды сатып баю екендігін автор мына жолдармен анық танытып отырған:

*Қаңтарда Жыланишықты қыстау еткен,  
Жайлауға Торғай суын көктей өткен.  
Қарасай, Қошалақтың қара отына,  
Наурызбай, Кенесары мал семірткен.  
Қасында төлеңгіті жүз қаралы үй,  
Жігіттің айтқаны өлең, тартқаны күй,  
Көбісі жортуылдан мал әкелген,  
Ханынан жақсы ат тартқан алады сый.  
Жиналған атақты аттар оң мен солдан,  
Бәрі де асқан жүйрік тайпалы елден,  
Бар десе пәленшенің пәлен аты,  
Қарақшы жігіттері ұрлап келген.<sup>4</sup>*

Бұл өлең қатарларынан Кенесары мен оның қолшоқпарларының бет-бейнесін, арман-мүддесін ұғыну қиын емес.

Поэма сюжетіне арқау болған қысқаша бір сюжет – Кенесарының үш қарақшы жігітінің ел тонау мақсатымен келе жатып, айдалада ұйықтап жатқан бір жігіттің үстінен шығып, оны аңдаусызда байлап алып, ханға әкелуі. Мақсаты – жігітті ханға тарту ету, яғни Хиуа базарына апарып құлдыққа сату. Олар ханға «жігітті қашқан жерінен ұстап алдық» деп өтірік айтады. Шынында, жігітті ұйықтап жатқан жерінде, байқаусызда байлап-матап алғанын, егер қашқанда оларға жеткізбей кететіндігін жігіттің өзі баян етеді. Мұнан соң хан Кененің бұйрығымен жігітті өз

---

<sup>4</sup> XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Алматы, 1989, 8- б. Ескерту: Бұдан былай да мысалдар тек осы кітаптан алынатын болғандықтан, келесіде тек бетін көрсетіп отырумен шектелеміз.

атына қайтадан мінгізіп қашырады, егер құтылса, жаны олжа, қолға түссе, басын алмақ болып келіседі. Жігіт Кенесары маңындағы топтан Өтетілеу деген адамның насыбай шақшасын сұрап, одан насыбай атады да, лезде астындағы атымен құйғыта жөнеледі. Оған анталап, қамап тұрған хан нөкерлерінің бір де біреуі ілесе алмай қалады. Бірақ, біраздан соң жігіттің өзі қайта айналып келеді де, шақшасын Өтетілеуге береді, одан соң ханға өз тарихын, басынан өткен оқиғаларын баяндайды. Жігіт өз елінде жеңгесіне қызығып, немере ағасын өлтіріп қашқан қылмысын айтқан кезде, енді Кенесарыны іздеп, соған қосылу ниетімен келе жатқанын баяндағанда ғана барып, оқырман оның да бұзық, қанішер, қарақшы екенін түсінеді. Кенесары маңындағылардың бәрі де осындай бұзылғандар, қылмыстылар екендігін автор осылайша көрсетпек болған, әрі мұнысы өте нанымды шыққан. Демек, поэмада ізгілік пен жауыздықтың, адалдық пен зұлымдықтың тартысы одан әрі өрбіп баяндала бастайды.

Шығарманың сырттай қарағанда, XX ғасыр әдебиетінде мейлінше көп көтерілген әйел теңдігі тақырыбына ешқандай қатынасы жоқ та тәрізді. Былай алып қарағанда, әйел теңдігіне ешқандай қатынасы жоқ осы бір туындысында ақын қазақ қоғамын жегідей жеп, қараңғыда ұстап келген ескі, көне салт-сананың бірі - әйел қауымы турасындағы сорақы түсінік пен әдет-ғұрыптарды көрмей, олар туралы өз көзқарасын білдірмей өте алмайды, автор осы позицияның өзін заман қойған өскелең талап тұрғысында суреттеп бере алған.

Шығарманың жазылған, жарық көрген кезінде автордың бұл туралы түсінігі, сөз жоқ, озық та бағалы қадам еді. Ол өзінен кейінгі шығармаларға да игі әсерін тигізді.

## 2.2. Поэмадағы көркем бейнелер, олардың жасалуы

Поэмадағы тарихи тұлғаның бірі – Кенесары. Кенесары туралы дәріптеу, мадақтау орын алып тұрған кезде де, ақын оны жөнсіз мадақтаудан аулақ, керісінше, Кенесары образын шындыққа сай, нанымды етіп бере білген. Шығармадағы әрбір қосалқы эпизодтың өзі оның кейбір іс-әрекеттерін ашуға қызмет етеді.

*Халыққа Кене жатыр қорқу салып,*

*Тартумен жұрт бағынған ханға барып.*

*Тұтқынды іздеуші жоқ ақша беріп,*

*Құлдыққа сарттар сатып кетеді алып,-*

деген жолдардан Кененің қаһарынан қорыққан халық қолға түскен тұтқынды көп ақша не мал беріп қайтарып алатын руы не туысқаны болмаса, Кенесарының құлдыққа сатып жіберетіндігін де айқын бейнелеген. Шынында да, Кенесары бастаған көтеріліс халыққа өте ауыр тигені, орынсыз қантөгіс көп болғаны поэмада өз орнымен көркемдік шешімін тапқан.

Ақын бірқатар тұстарда Кенесарыны «хан», «Кенеке» деп дәріптейді, дегенмен бұл ирониялық астарлы мағынада айтылған. М. Сералин Кенесары көтерілісін монархиялық сипаттағы көтеріліс деп түсінген, сондықтан оның мәні реакциялық деп бағалаған.

Кенесары маңындағылар оны қанша «хан», «тақсыр» деп қолпаштап, қошеметтегенімен, оның күйі ел тонаушы қарақшылардың басшысынан артық еместігі поэмада мысқылдай көрсетіледі. Ақын Кенесарының айналасын мұншалықты сүмірейте, кішірейте суреттегенде, оның өрісі тарылып, келешегінің құлдырап, жоғалып бара жатқандығына, қалған аз ғана тобының да біржола азғындық жолға түскеніне халықтың назарын аударуды көздеген. Сондай-ақ, поэмада «хан Кене» деп аталғанымен, оның бүкіл дәрежесі қасындағы бас кесер жүз шақты төлеңгіттеріне ел тонатудан аса алмайды..



Ақын Кенесарының хандық дәрежесін осылай көрсетсе, оның адамдық қалпын да солай сипаттап береді.

Өзін өзі хан деп танып, өзгеден артық санаған Кенесары бір кішкентай көріністің өзінде жөнсіз асқақтығын, нәрсенің ішкі сырын тани алмай, сыртына қарай бағалайтынын аңғартады. Ол қашқын жігіттің жүйрік торысын көргенде, аттың шын тумалығын танымайды, қаймана қазақ танитын жылқы малының асылдығын Кенесары бола тұра біле алмағанының өзі-ақ, оның дарақылығын танытады.

*Жүйрік боп озатұғын сияғы жоқ,  
Бір торы ат, өзі жауыр, өзі арық.  
Мақтаған тұтқын жігіт осы ма атың,  
Әлігі желден жүйрік асыл затың.*

**Атын мақтаған тұтқын жігітке ол:**

*Бұл торың жүйрік болса құтыларсың,  
Немесе қуғыншыға тұтыларсың.  
Найзасы жеткен ерден қаза болып,  
Мұны біл, қара жерге жұтыларсың.  
Бүгінше торыңды оттат, тыныштық ал,  
Рас айтсаң, ертең қаш та құтылып қал.  
Хан Кене алдағанды жақтырмайды,  
Өтірікке басың кетер, құлағың сал,-*

деп мақтана сөйлейді. Ертеңіне бұл торыны көріп, оның топ жарып, басқа жүйріктерге қарасын да шалдырмай құтылып кеткенін көрген хан не істерін білмейді. Жігітті жазалармын деп құлшынып келсе де, ол құтылып кеткен соң іші удай ашиды. Міне, бұл жерде автор ханның да, оның маңындағы қошеметшілдердің де даңғойлықтарын жеріне жеткізе әшкерелейді.

Кенесары поэмада осы көріністер арқылы суреттеледі. Мұның өзі оның қоғамдық өмірде қандай қорқау, халыққа қатерлі адам болғанын

көрсетеді. Ақын сонымен қатар, Кенесары туралы өз көзқарасын да айқын білдіріп, танытып отырады. Ақын оның айналасындағылардың күнкөріс кәсібі арқылы негізгі кейіпкер образын ашуды мақсат еткен. Автордың бұл ниеттері шығармада өзіне лайық көркемдік шешімін тапқан. Шындығында, Кенесарының өзі де, оның айналасындағылар да бір тілек, бір көзқарастың адамдары еді. Сондықтан да, М. Сералин Кененің айналасындағылардың өмір салтын, тілек-мүддесін суреттеу арқылы Кенесары образын айқындай түскен. Жазушы шығармадағы персонаждар ауызынан болса да, «хан Кене» дей отырып, оны поэманың басынан аяғына дейін ұнамсыздау бейнеде суреттеген.

Кенесары мен оның қасындағылардың негізгі кәсібі де сол кездің тарихи шындығына лайық көркемдік шешімін тауып бейнеленген. Ақын поэманың бас жағында:

*Қасында төлеңгіті жүз қаралы үй,*

*Кәсібі жортуылдан мал әкелген,*

*Ханынан жақсы ат тартқан алады сый.*

*Жиналған атақты аттар оң мен солдан,*

*Бәрі де асқан жүйрік тайпалы елден.*

*Бар десе пәленшенің пәлен аты,*

*Қарақшы жігіттері ұрлап келген,<sup>5</sup>* - деген қатарлар арқылы

Кенесары «халқының» кәсібін тарихи фактілерге орай дәл көрсетіп береді. Кененің қасындағы төлеңгіттері де «не кәсіп қыласыз, немен күн көресіз» деген сұраққа:

*Хан Кене зекет алар көшкен елден,*

*Зекетке жазы мен күз көп мал келген.*

*Бәрін де төлеңгітке бөліп берген.*

*Бұл күнде күшті боп тұр Кенесары,*

*Қылмайды кімді быт-шыт келсе кәрі,*

---

<sup>5</sup> Сонда ... 8 б.

*Кенеге бағынған ел қойдан жуас,  
Аз ба екен төлеңгітке елдің малы.*

*Қыстауға Жыланышықта мекен салдық,  
Биыл қыс қатты болып, жұтап қалдық.*

*Салада сексен ауыл Жылкелдіні,*

*Көктемде ашыққан соң шауып алдық,-* деп ешқандай шімірікпестен жауап береді. Міне, бұл жолдардан Кенесары тұқымының тарихта көрсетілген қанқұйлы әрекеті поэмада нақты шындық аясында суреттелген.

Міне, осы келтірілген үзіндіден, поэма сюжетіндегі оқиғалар нақты тарихи шындыққа негізделгенін аңғару қиын емес. Поэмада Кенесары маңындағы төлеңгіт жігіттерінің де адамгершілігі жоқ, әбден азғындаған адамдар екеніне автор ерекше тоқталған. Олар қанқұмар, адам жаны олар үшін түкке тұрғысыз, шетінен тұрақсыз, қанішер екендіктері сөздері арқылы да, істері арқылы да дәлелденіп отырады. Тұтқын жігітті қууға шыққан олар жасанған жаумен айқасқа түскендей болып, ерекше түйіледі, бірақ жігіттің торы атына жете алмай құры қансорпа болып, хан қасына қайта оралады. Автор олардың іс-әрекеттерінің мына сиқын:

*Бәрі де қаныпезер, ішкендей қан,*

*Тиындай көрінбейді оларған жан.*

*Қатар түзеп жігіттер тұрған шақта,*

*Ордадан нөкер ертіп, шығады хан,<sup>6</sup>* деп келтіреді.

Кенесары жігіттерінің тағы бір келеңсіз сипаты – олар қолдарына найза ұстап, атқа мінгендерімен құр қаукөрік, қоян жүрек қорқақтар, сонысына қарамай даңғой әрі мақтаншақ адамдар. Шекті елінен мал барымталауға шыққан Кенесарының үш жігіті далада ұйықтап жатқан адай жігітінің қапылыста үстінен түсіп, байлап алады да, ханның алдына келгенде, қашып бара жатқан жерінен қолға түсірдік деп күпсініп мақтанады.

---

<sup>6</sup> Сонда...15 б.

Олардың осындай жексұрын сипаттарын әшкерелейтін эпизодтар поэмадан көптеп кездеседі.

«Топжарған» поэмасының негізгі кейіпкері – қолға түскен тұтқын жігіт. Шығарманың сюжеттік желісі де осы тұтқын жігіттің іс-әрекеті мен басынан кешкен оқиғалары негізінде өрбиді. Мұндай қызметімен ол шығарманың негізгі сюжеттік арқауын өрбітумен қатар, негізгі идеялық түйінді ашуға да себепші болып отыр. Алғашында, бұл жігітті оқырман жақсы, жазықсыз адам екен деп ойлап қалады, поэманың соңында оның адамгершіліктен аттап өтіп, үлкен қылмыс жасаған адам екеніне көзі жетеді. Бұдан, әрине, шығарма сюжеті тек осы жігіттің іс-әрекетіне арналған деуге де болмайды. Ақынның негізгі мақсаты-Кенесары көтерілісіне өзіндік көзқарасын білдіру. Мұнда *біріншіден*, ханның қимыл, іс-әрекеттері арқылы толық дәлелденсе, *екіншіден*, оның қасындағы қолшоқпарлары, туыстары мен төлеңгіттері арқылы көрсетуге басты назар аударады және сонымен бір қатарда тұтқын жігіттің бұрынғы істеген қылмысты іс-әрекеттері арқылы да Кенесарының ішкі сырын, түпкі мақсатын ашып, айқындай түседі. Сонымен, бұл жігіт автордың негізгі тақырыпты дәлелдеуінде ұтымды құрал болып тұр деуге әбден болавды.

Жігіттің аты-жөні де белгісіз. Ол өзін «адай еліненмін» дегеннен кейін автор да Адай жігіті деп кетеді. Бұл адай жігіті елінде жас жеңгесіне ғашық болып, немере ағасын өлтіреді де, содан жазаланудан қорқып қашып кетеді. Мақсаты – Кенесары қолына қосылу, сөйтіп біржолата қашқындық, қарақшылық жолға түсу болып есептеледі.. Әрине, адай жігіті бұрын да көршілес рулардан мал ұрлап, бұзықтық жасап жүрген адам, сондықтан да оның Кенесарыны іздеуі әбден табиғи. Ол жігіт Кенесары маңындағыларға өзін былайша таныстырады:

*Жігіттер, сұрасаңыз затым Адай,*

*Астымда жүйрік емес атым ондай.*

*Ұйқыда қапы жатып тұтқын болдым,*

*Мен дағы жігіт едім алпамсадай.*

*Тайынан бұл торыны бағып едім,*

*Үкіні құйрық-жалға тағып едім.*

*Тұтқын ғып жеке жүрген жолаушыны,*

*Үш жігіт, мен сендерге неғып едім.<sup>7</sup>*

Бұл сөздерден адай жігіті ешбір күнәсыз, адал, момын адам болып көрінсе, оның барлық сыры, бет-пердесі кейін өзі қайтып келген соң, өз аузынан баяндалған сөздерден байқалады. Жігіт жас жеңгесіне қаншама құмартса да, ол оны маңына жақындатпайды. Оның үстіне ақынның көрсетуінше, оның жеңгесіне болған махаббаты жалаңаш жалпы құмарлық дәрежесінен аспайды. Жігіттің немере ағасы қарт Салбайдың жас тоқалы әрине, кәрі күйеуі - Салбайға тең емес. Сол кездерде малға сатылып, кәрі шалдарға еріксіз тиген «кейбір жеңгелерінен» пайдаланып жүрген бұл жігіт, Салбайдың тоқалын да аулап көрмек, қолға түсірмек болады. Бірақ жас тоқал мұны сөзбен тойтарып, маңына мүлде жолатпай қояды:

*Мен жүріп сол жеңгеме болдым ғашық,*

*Айтайын бар сырымды сендерге ашып.*

*Көргенде олай-былай әзіл айтсаң,*

*Жеңешем жеңілмейді сөзге машық.*

*Тоқалдың беріктігі болаттай-ды,*

*Сөзімді қалжың айтқан ұнатпайды.*

*Күндіз айтып, кеш барып жалынсам да,*

*Маңына жас жеңешем жолатпайды.*

Қой күзетіне жеңгесінің шыққанын аңдып жүрген адай жігіті тас қараңғылықты пайдаланып, оны зорламақ болады. Жеңгесі көнбей бұлқынып, ақырында айқайлап жәрдем сұрағанда, әйелін құтқаруға шыққан ағасын атып салады. Мұны өзінше ғашықтық деп дәлелдемек болады:

---

<sup>7</sup> Сонда...9 б

*Жеңешем түзге отырып, қайта жүрді.*

*Найзагай жарық қылды дүние жүзін.*

*Жеңгемнің сол уақытта көрдім жүзін,*

*Көрген соң қыпша белін, ұзын бойын,*

*Білмедім не болғанымды өзімді өзім.*

*Бас салдым жеңешеме пұрсат бермей,*

*Нәрсені одан басқа кеттім көрмей.*

*Құшақтап, жұлқынысып жатқанымда,*

*Жеңешем даусы шықты деген «ойбай».*

*Біреу кеп ту сыртымнан кетті салып,*

*Ашумен көз қызарды есім танып.*

*Жалма жан жатқан жерден мылтықты алдым,*

*Ыза боп кетсем керек күйіп-жанып.<sup>8</sup>*

Міне, бұл өлең қатарлары арқылы автор тұтқын жігіттің де құлқын-ының бұзықтығын, «балықшы балықшыны алыстан таниды» дегендей, бірін бірінің іздеуінің сырының неде екенін көркемдікпен дәлелдеп бере алған. Оның үстіне жігіт Кене ханмен тез тіл табысады, жүйрік аты Құбақанды оған сыйға тартады.

Жігіт осылайша Кенесары қолына келіп қосылып, енді біржолата ел тонаушылық, қарақшылық жолға түсуге бел байлайды. Өйткені автордың көрсетуінше, енді оған одан басқа жол жоқ. Жазықсыз қан төккен, өз туысын өзі өлтірген, зорлықшыл қарабет туған еліне де, жалпы халық арасына да сыймақ емес. Оның барар жері тек қана өзіндей бұзықтар айналасы болмақ деген идея келіп шығады. Қол астындағы елдердің бәрі кетіп болған Кенесарының қандай жолмен болса да, нөкерлерін көбейте түсуді көздегені белгілі. Сондықтан да ол өзінің ақырғы сөзін айтып отырған өзі тәрізді қарақшы жігіттің сөзін тыңдамауына ешбір негіз қалмайды, осындай кісі өлтіргіш және зорлықшыл жауыз адамдармен

---

<sup>8</sup> Сонда... 176

нөкерінің тобын көбейте түспек болады. Ақын бұл көріністер арқылы Кенесарының өзі де, айналасындағы төлеңгіттері де осы тәрізді азғындық жолдағы адамдардан құралақан емес деген негізгі идеялық қорытынды жасайды.

### Әйел образы

М. Сералин де «Топжарған» поэмасында алғаш рет қазақ әйелінің ұнамды түрдегі реалистік бейнесін жасады. «Топжарған» поэмасы туралы Б.Кенжебаев: «*Негізінде бұл шығарма Гогольдың «Ревизор»ының ықпалымен жазылған, өйткені мұнда ұнамды кейіпкер жоқ*», - деп көрсетсе, Ә. Дербісалин: «*Ұнамды кейіпкер эпизодтық болса да бар, ол ондағы адай жігітінің жеңгесі, бұл сол дәуір үшін жаңа типтегі кейіпкер*», - деген пікір айтады. Абзалында, эпизодтық түрде болса да, поэмадағы әйел образы сол кездегі қара күштерге қарсы алынған, өз алдына сөз етуге тұрарлық, дәуірлік образ деп тануға болады.

М. Сералиннің «Топжарған» поэмасында алғаш рет қазақ әйелінің ұнамды бейнесі елес береді. Бұл, әрине, сюжетті кесек шығармаларда қазақ қызының өзіне лайықты қимыл-әрекеттерімен алғаш рет көрінуі болатын. Сондықтан да ол әдебиетке алғаш бірінші жоспардағы кейіпкер ретінде енуі де сол дәуір рухына өте сәйкес келетін нәрсе. Оны ұнамды кейіпкердің алғашқы сәттегі әдебиетіміздегі көрінісі деген осы.

XX ғасырдың бас кезінде әдебиетімізде ең өнімді, әрі көп жырланған тақырып қазақ әйелінің теңдігі мәселесі десек, «Топжарған» тіпті XIX ғ. екінші жартысында жазылған туынды деуге де болады, себебі поэма 1900-жылы жеке кітап болып басылып шыққан. Оның үстіне поэма оқиғасы XIX ғасырдың 30-40-жылдары шындығын өз ішіне алатындығы да поэмадағы әйел образының заманалығын таныта түсетін жай.

Бұл қыз алпыс жастағы Салбай шалға еріксіз тоқал болған сол кездегі барлық қазақ қыздарының басындағы күндік ноктасын тағдырына байланысты киген мұңдық. Ол әрине, Салбай шалды сүймейді, бірақ уақытша

қызыққа алданып, ар-ұжданын аяқ асты еткісі де келмейді, ерінің көзіне шөп салмайды. Ол-адал, жаны пәк қазақ әйелінің бар болмысын өз бейнесіне жинақтап берген образ.

*Салбайдың бәйбішесі қалған өліп,  
Алып ед бір жас тоқал қалың беріп.  
Кезінде жас шамасы он алтының,  
Құдайым берген артық ажар, көрік,-*

деген жолдардан оның сұлулығын да танимыз.

*Сөйлесе ағызады тілдің майын,  
Көргенде олай-былай әзіл айтсаң,  
Жеңешем жеңілмейді сөзге машық,  
Тоқалдың беріктігі болаттай-ды,  
Сөзімді қалжың айтқан ұнатпайды.  
Күндіз айтып, кеш барып жолықсам да,  
Маңына жас жеңешем жолатпайды,-*

деп жігіт атынан әйел бейнесінің аса ұнамды, адал жақтарын суреттеп береді.

Поэмаға тереңірек үңілсек, одан ұнамды кейіпкерлер болғанда да, қазақ әдебиетінде бұрын мұндай бейнеде кездеспеген қазақ әйелінің аса сәтті образын көруге болады. Бұл қызды ақын бірден бостандық үшін күрескен адам ретінде суреттемеген, қайта өз кезінің шындық шеңберіне сыйымды әрекеттері арқылы көрсетеді. Соның өзінде оның өз тұсының жаңа адамы екенін поэмадан айқын тани аламыз. Олай дейтін себебіміз, алпыс жастағы Салбай шалға тоқалдыққа барған қыз сол өмірдің бақытсыздық екенін түсіне де біледі, ол жастық көңілін білдірген жігітке:

*Уа, қайным шал ағаңды мен сүймеймін,  
Ер хақы болғаннан соң көп сыйлаймын.  
Ерімнің көзі тірі тұрған шақта,  
Қиянат шал ағаңа мен қылмаймын.*



*Бұл күнде саған көңіл бере алмаймын,*

*Өлгенше ер күтпекке будым белді,*

*Басқаны ер хақынан біле алмаймын,-*

деп жауап қайтарады, үлкен адалдықтың адамы ретінде көрінеді, бойын нәпсіқұмарлық пен жастық желіктен аулақ ұстайды.

Бұл қарапайым ғана қазақ қызының ауызынан «сүйю», «сүймеу» туралы осы бір сөздің шығуының өзі шығарманың туып отырған кезеңі үшін зор жаңалық болып табылады. Сөйтіп, поэманың қыз кейіпкері шал күйеуін «сүймеймін» деген жалғыз ауыз сөзінің өзімен ғана айрықша бағалы. Осы сөз арқылы ол жалпы сүйіп қосылу деген ұғымды туғызып, оны тек әдебиетте ғана емес, тұтас әлеуметтік өмірдің күн тәртібіне жеке проблема ретінде қоя білген алғашқы әдеби кейіпкер болып табылады. Бұдан артықты одан күтуге болмас та еді. Егер автор өз кейіпкерін бұл дәрежеден тереңірек суреттеген болса, заман шындығынан, қоғамдық ой-пікір дәрежесінен алыстап кеткен болар еді.

Ол алпыстағы шалға еріксіз шыққанына іштей өкіне тұра: *«ерімнің көзіне тірі тұрған шақта, мен шал ағаңа қиянат қыла алмаймын»*, дейді.

Осы арада кейіпкердің дүниетанымындағы қайшылықтың көрінісін, ол өзі жасап отырған қорлық тұрмысты тани, біле тұра одан шығуға талпынып, әрекет ете алмайтынын көруге болады. Бұл сайып келгенде, оның сол жасап отырған кезеңінің өзіндік шындығын, мезгіл тынысын аңғартатын жағдай болып табылады.

Сондай-ақ, ақынның жақсы адамды ер адамдар арасынан емес, әйелдер арасынан көрсетуінің өзіндік сыры бар. Поэма жазылған кезде «алтын басты әйелден - бақа басты еркек артық» деген ұғым мейлінше етек алып тұрған еді. Автор міне, осындай ұғым мен түсінікке қарсы өз кейіпкерін алған деуге толық негіз бар.

Қорыта айтқанда, М. Сералиннің «Топжарған» поэмасы қазақ өмірінен алып жазылған тұңғыш реалистік жанрдағы поэма. Поэма барлық

жағынан да дәуір талабына толық жауап бере алатын аса бағалы да құнды туынды.

### **2.3. «Топ жарған» поэмасының көркемдік өзгешеліктері**

Бітіру-мамандық жұмысында қазақтың алғашқы журналисі, ақын, аудармашы М. Сералиннің поэмалары талдау объектісі етіп алынды. Ақын поэмаларының тақырыптық мәні мен көркемдік ерекшеліктері, кейіпкерлер образы, олардың жасалу шеберлігі, заман шындығын көркем шындыққа айналдырудағы ақынның ізденістері жан-жақты сөз болды.

Бұл тарауда М.Сералин поэмаларының көркемдік бітімі, тілі, олардағы суреттеу құралдары, олардың қолдану шеберліктері, ақынның шығармашылық жолдағы өзіне тән стилі жайында баяндалады. Дегенмен, Мұхаметжан өз шығармалары арқылы қазақ әдебиетін тақырыптық, идеялық тұрғыдан біраз байытса да, қазақ өлеңіне ұлы Абай сияқты жаңалықтар, елеулі өзгерістер енгізе қойған жоқ.

М. Сералиннің екі поэмасы да - идеялық тұрғыдан бірін бірі толықтырып, заманмен үндесіп отырады және белгілі бір тұтастыққа ие. Ақынның алға қойған мақсаты да сол дәуірдегі әйел теңдігі мәселесін поэмалары арқылы дәл әрі түсінікті жеткізе білуінде.

Жазушының-құралы тіл. Әлемді таң қалдырып, адам баласының санадаған ұрпақтарына азық боларлық дәрежедегі туындылардың да негізгі құдіреті оның әсем де орынды қолданылған тілінде, алдымен шығарманың көркемдік ерекшелігінде. Демек, шығармада автордың айтпақ болған барлық ой-пікірі тіл арқылы жарыққа шығады, көрініс табады.

Оқиғаны қалай баяндау, кейіпкер психологиясы, геройдың ішкі сезімдерін, күйініш-сүйініштерін суреттеу бәрі де тілі арқылы жүзеге асады.

М.Сералин өз поэмаларын жазған тұста қазақ тілінде шығатын кітаптардың көпшілігінде араб-парсы, татар сөздері орынсыз кіргізіліп, тілдік тұрғыдан шұбар ала болатын. Ал Мұхаметжан поэмаларының тілі алдымен таза қазақ тілі.

«Топ жарған»-тарихи поэма. Осы туындысының өзінде автор орынсыз бір де бір шет сөзін кіргізбегендігі сол дәуір үшін аса маңызды құбылыс болатын. «Топжарған» поэмасының тілі көбінесе баяндау сарынында. Автор өз кейіпкерлерін сөйлетуде, олардың ішкі сырларын өз ауыздарынан айтқызуға төселген, тәжірибелі қаламгер ретінде танылған. Мәселен, шығарманың бас кейіпкері Адай жігітінің сырын өз ауызынан естиміз де, оның істеген әрекеттерінен жиіркенетін сезімге кездесеміз.

*Тоқалдың беріктігі болаттай-ды,  
Сөзімді қалжың айтқан ұнатпайды.  
Күндіз айтып, кеш барып, жолықсам да,  
Маңына жас жеңешем жолатпайды,-*

деген қатарлардан автор бұл жігіттің ішкі күйін, адамдық болмысының сиқын аңғартып кетеді.

М. Сералин, әсіресе, ретті жерінде табиғат көріністерін беруде де қалыпты жазба әдебиет стилін меңгерген. Мысалы, «Топжарған» поэмасында Кененің ауылының ұйықтап жатқан кездегі табиғат суретін, жазғы түннің көрінісін былайша береді:

*Қызарып таң атады Шығыс жақтан,  
Көрсетіп күн де нұрын шашыратқан.  
Хош иіске салқын ауа толғаннан соң,  
Адамзат көзін ашар төсек тартқан.  
Құйынған шық суына шалғын мен тау,  
Терлеген орман, ағаш, бақша мен бау.  
Дүниені шық теңізі қаптаған соң,  
Еш мақұлық шөлдеуменен алыспайды –ау...  
Төбе жабық киіз үй, іші самал,  
Қорада қимылдамас бір қара мал.  
Байтөбеттер ұйқыда дыбысы жоқ,*

*Қойшы басын көтеріп күнге бағар.<sup>9</sup>*

Осы бір үзіндіден қазақ ауылының жаз айларындағы бейғам да тыныш тіршілігін сезінуге болады.

Автордың «Топжарған» поэмасы қазақ әдебиетіндегі алғашқы реалистік поэмалардың бірі болып, ол бірден бір қазақ тұрмысынан алып жазылған шығарма еді. Шығарма кең эпикалық тынысты аңғартатын, түрі мен мазмұны бір-біріне сәйкес, астасып жатқан туынды.

Сонымен, «Топжарған» қазақ әдебиетінде құрылысы мен көркемдік бітімі жағынан да, образдар жүйесі, олардың сомдалуы жағынан да, ауыз толтырып айтарлық көркем дүние.

Поэманың сюжеттік желісі мен композициясының бітімінде автордың алдыңғы орыс әдебиетінен тиімді үйренгені көрінеді. Поэмада бұрынғы қазақ әдебиеті шығармаларында кездесетін ертегілік сюжет пен шытырман қияли оқиға да жоқ, бәрі де нанымды, толық реалистік әдіспен берілген.

---

<sup>9</sup> Сонда...13 б.

## III Тарау

### М.Сералиннің «Гүлкашима» поэмасы

#### 3.1. «Гүлкашима» поэмасының тақырыбы мен идеялық мазмұны

XX ғасырдың басында қазақ әдебиетінде аса көп жырланған әрі барлық жанрда дерлік өнімді сөз болған тақырыптардың ең бастысы әйел теңдігі тақырыбы екендігі өткен тарауда да аталған болатын. Қазақ әйелінің күндік жағдайы, бас бостандығының болмауы, қалыңмалдың құрбаны болып, көңілі қаламаған адамға еріксіз ұзатылып кете баруы – сол дәуірдегі қазақ оқығандарын, әсіресе, демократ-ағартушы бағыттағы интеллигенцияны бейтарап қалдыра алмағаны өзінен өзі түсінікті жай. Олар жалпы оқу-ағарту мәселелерімен бірге әйел теңдігі мәселесіне де қызу ат салысты. Қыздарды оқыту, оларға жаңаша білім, тәрбие беру ісінде бірқанша ілгерілегендік байқалады. Әсіресе, сол дәуірдегі қазақ ақын-жазушыларының арасында әйел теңдігі мәселесіне қалам тартпаған, үлкенді-кішілі шығарма арнамаған қаламгерді табу қиын. Дегенмен, мұндай бүкілхалықтық мәні бар проблемалық тақырыпты жырлауда әр ақын-жазушы өз көзқарасы, өз дүниетанымы, өз позициясы тұрғысынан келді.

М.Сералиннің 1903-жылы жеке кітап болып шыққан «Гүлкашима» поэмасы қазақ әдебиетінде әйел теңдігі тақырыбына арналған сюжетті, кесек шығарма болып, тұңғыш әйел-қыздардың теңдігін терең реалистік тұрғыдан көркем шындықпен суреттеген аса байсалды туынды.

Поэма XX ғасырдың басындағы үлкен проблемаға өзінше үн қосқан құнды шығарма ретінде әдебиеттен елеулі орын алады. Автор «Гүлкашима» поэмасын қазақ қоғамының әлдеқайда кейініректегі, шамамен алғанда, XIX ғ. аяғында болып өткен қазақ тұрмысынан алып жазған. Мұны шығармадағы кейіпкерлердің замана шеңберіне қарай өсіп, өрбіп отыратын іс-әрекеттерінен де, ақынның өзіндік таныстыруынан көруге

болады. Мәселен, Баймұхамбеттің басына қойылған құлпытастағы жазудан анық опат болған жылы мен айы, тіпті күніне дейін нақты, анық көрсетілуі М.Сералиннің бұл шығармасын тарихи дерек негізінде жазғанын дәлелдесе керек.

*Рухына хақтағала қылғай рахмет,  
Нәсілі – үңгіт, әм есімі Баймұхамбет.  
Баласы Тілеуберген уафат болды,  
Ғашықтық саудасынан шеккен захмет.  
Сәрсенбі күн саралапта, боқырау үште,  
Бір мың да сегізжүз де тоқсан да төрт,<sup>10</sup> -*

деген қатарлардан М.Сералиннің өз шығармасына үлкен мән бергенін көруге болады. Сонымен бірге, нағыз өмір ақиқатынан алып жазылған реалистік туынды екенін проф. Б.Кенжебаев та атап өтеді: «*Мұхаметжан Сералиннің «Гүлкашима» поэмасы – қазақ әдебиетіндегі тұңғыш реалистік поэмалардың бірі. Бұған дейін қазақ әдебиетінде болып келген поэмалар түгел дерлік ауыз әдебиеті үлгісіндегі эпостық, салттық жырлар мен ертегі, шығыс әдебиеті дәстүріндегі ертегі, қиял, қиссалар, дастандар болатын<sup>11</sup>».*

М. Сералин «Гүлкашима» поэмасымен ХХ ғасырдың бас кезіндегі замана тілегіне үн қосқаны, жауап беруді ниет еткендігі шығарманың өн бойынан айқын көрініп отырады. «Гүлкашима» поэмасы нағыз реалистік сипаты молынан танылатын шығарма ретінде кезінде де, одан кейін де үлкен өмір танытқыштық мәнге ие болды. Әрине, поэманың негізгі тақырыбы қазақ әйелінің бас бостандығы бола тұрса да, шығарма тек қалың мал айналасында ғана қалып қоймаған, мұнда қыздарды оқыту, оқыған, білімді қыздардың оқымаған қыздарға қарағанда ақылы да, адамгершілік инабаты да анағұрлым артық болатындығы қайта-қайта

---

<sup>10</sup> Сонда...23.

<sup>11</sup> Б.Кенжебаев. ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Алм., 1989. 146 б.

айтылып өтеді. Бұл негізінен алғанда, автордың көрсетпек болған идеясына, айтпақ болған ой-пікіріне сәйкес көрініс табады. Поэманың сюжеттік желісі де тамаша таңдалған.

Поэма автор атынан баяндалып, онда ақынның Боқырау жәрмеңкесіне бара жатып, Тобылдың бойындағы бір үйге қонып өткендігі, үй иесі қартайған шал мен кемпірдің қонақты жақсы шыраймен қабылдауы, өздерінің де жігіт болған, бірақ әлі үйленбеген Баймұхамбет есімді баласының бар екендігі, өзі оқыған, әрі әнші, ақын, заманының жетілген жігіті Баймұхамбет елінен қыз таңдап, көбірек жүріп қалғандығы сөз болады. Бұл әдістің өзі оқырманды оқиғаға бірте-бірте тартуға қызықтыру ниетінен туған, тиімді жол. Ертеңіне жолаушы жәрмеңке базарында біреудің орман алқабында бауыздалып өлгенін, өліктің қалтасынан хат табылғанын естиді. Өлген адамның өзі кешегі қонып кеткен Тілеуберген атты қарттың жалғыз ұлы Баймұхамбет екенін білген соң, қазақшылық жолымен көңіл айтып, бата оқуды ниет етеді. Шал мен кемпірдің қазасына ортақтасып, көңіл білдіріп отырады. Поэмадағы келесі оқиға жүйесі – ата-анасының ақынға баласы Баймұхамбеттің күнделік дәптерін көрсетуімен одан әрі жаңаша сюжет арқылы өрби түседі. Шығарма сюжеті енді жаңа ағыммен өріле түседі.

Аркаға Сыр елінен Медетбай есімді бай кісі жайлауға көшіп келеді. Медетбайдың төрт ұлының ортасында еркін өскен сұлу қызы Гүлкашима бар. Елінен қыз таңдап жүрген сері жігіт Баймұхамбет бір көргеннен-ақ, Гүлкашимаға ғашық болады да, қызға көңілін білдіріп хат жазады. Қыз да хатқа жауап қайтарып, өзінің басының бос еместігін, Сыр елінде біреумен атастырып қойылғанын білдіргенде, Баймұхамбет Гүлкашимаға шыдай алмайтындай ғашық екендігін, тым болмаса, оңаша сәтін тауып кездесіп тұрайық, ойнап-күлейік дегендей бозбалалық дәмесін де білдіреді. Бұған Гүлкашима көнбейді, үзілді-кесілді жауап қайтарып, ондай іске бара алмайтынын, оған намысы жібермейтінін білдіреді. Бұдан соңғы жерлерде

қыз Баймұхамбетті ұзатылу тойына шақырады. Гүлкашима ұзатылып кеткен соң, ғашықтық дертін көтере алмай, Баймұхамбет өзін-өзі өлтіреді. Поэманың сюжеттік желісіне осы оқиғалар арқау болған.

Әрине, поэмада автор негізгі тақырыпты сол дәуір шындығы аясында өте нанымды түрде суреттей білген. Гүлкашима Баймұхамбетті өзіне тең көріп, қаншалықты ұнатып тұрса да, онымен қол ұстасып қашып кетуге бел буа алмайды, не де болса тағдырдың салғанына мойынсұнып, атастырған күйеуіне адал болатынын, соның көңілін тауып, соны тәрбиелеуден, қызмет қылудан, ел-жұртына, ата-анасына сөз келтірмеуден артық қыз бала үшін бақыт та, міндет те жоқ деген сыңай танытады.

Бұл сол кездің шындығына толық сәйкес келеді. Феодалдық ортада тәрбие алған қазақ қызына «сүйген адамыңмен неге қашып кетпедің, неге сүймеген, ұнатпаған адамыңа кете бардың» деп, кінә тағуға мүлдем болмайды. Ескі ауыл моралының өзі де «қызға қырық үйден тыю» деген қағиданы берік ұстанған кезде, Гүлкашималарды бас бостандығы үшін ашық күреске шыға алмады деп айыптау дұрыс болмас та еді.

Сол кездің іргелі проблемасының бірі болған әйел теңдігі мәселесіне жазушы қашаннан көңіл қойып, алаң болып жүргендігін, сонымен қатар, бұл қиссаны жазуда заманаға, халыққа ғибрат боларлық мәні бар мәселе айтпақ болғанын ашық көрсетеді.

*Бастайын бір кеңесті алып қалам,  
Қашаннан болып жүрген көңіл алаң.  
Біреуін баян етсем бекер болмас,  
Іс өткен неше түрлі заманадан.  
Реттеп қадари хал қисса қылдым,  
Бір ғибрат заманаға бола ма деп...  
Қызыл гүл тау аралап, тастан терді.*



Немесе:

*Бір қатар Гүлкашима ғибрат етсең,  
Түсінсе зейін салып жігіт- желең.  
Керекті бұл қисса үшін, бозбалалар,  
Бірсыпыра сөз айтылып болды білем,-<sup>12</sup>*

деген жолдардан автордың мақсаты мен ұстанған позициясының халыққа, жастарға үлгі қылу, ғибрат ету екендігі көрініп тұр.

М. Сералиннің «Гүлкашима» поэмасын жазудағы, мұның өзі «қашаннан көңіл алаң мәселе еді» деуі, немесе «бір ғибрат заманаға болар ма» деп айтуы ерекше көңіл аударуға лайықты, туындының идеялық-көркемдігін анықтауда септігі тиетін жайлар.

---

<sup>12</sup> Бес ғасыр жырлайды. Алматы, 1992, 3- кітап, 212-б.

### 3.2. Поэмадағы көркем бейнелер, олардың жасалуы

Жоғарыда «Гүлкашима» поэмасының тақырыбы мен мазмұны туралы сөз қозғалған болатын. «Гүлкашима» қазақ әдебиетіндегі ең тұңғыш реалистік поэма болып, бұдан бұрын қазақ әдебиетінде жазушы үлгі аларлық нағыз реалистік бағытта жазылған сюжетті, эпикалық поэмалар жоқтың қасы еді. Автор поэмадағы кейіпкерлер образын жасауда көбінесе, оларды романтикалық келбетпен бейнелейді. Дей тұрсақ та, шығармада нағыз реалистік сипатта жасалған, толыққан образдар да бар.

Образ деген не? Ол қалай жасалады? Осы мәселелер төңірегінде өз ойымызды өрбітсек. Әдебиет теориясында образдардың сан-алуан түрлеріне бірнеше анықтама берілген. Бұрын мектептерге арналған оқулықтарда образдарды жағымды, жағымсыз деп екі топқа бөліп, жүйелеп келген болса, енді олардың ішкі сипатына, жасалу жолдарына, шығарманың жанрлық, идеялық мән-мағынасына қарай жіктеу, жүйелеу қажеттігі көрініп тұр. Образдарды жүйелеуде геройлық, романтикалық, реалистік, сатиралық, фантастикалық, эпикалық, лирикалық, трагедиялық, комедиялық дегендей біраз түрлері бар.

«Гүлкашима» поэмасындағы образдардың қай-қайсысын алсақ та, олар өз дәуірінің барлық ерекшеліктерін бойына жинақтаған, замана бітіміне толық сәйкес келеді. Осыған қарап, оларды реалистік образдар деп атауға болады. Әрине, бұл кейіпкерлердің іс-әрекетіндегі арманшылдық, қиялшылдық элементтері оларда романтикалық сипат бар екендігін де танытады. Бұл ретте проф. З.Қабдолов: *«Жазушы өмірдегі ұсақ-түйек, кездейсоқ жайлардан аулақ, биік талғам арқылы жинақтау және даралау арқылы көркем, әдеби бейне жасай алады»<sup>13</sup>*, - деп айтқаны өте дұрыс. Демек, автор Гүлкашима образын жасауда да сол дәуірдегі жалпы қазақ қыздарының бейнелерін жинақтай келе, оны өзінше дараланған бір адам ретінде сомдап шыға алған.

<sup>13</sup> З.Қабдолов. Сөз өнері. Алматы, 2004, 107-б.

«Гүлкашима» поэмасында кейіпкер саны көп те емес. Гүлкашима, Баймұхамбет негізі кейіпкерлер болса, Сүлеймен мен оның інісі, Гүлкашиманың жеңгесі т.б. тек эпизодтық персонаждар ғана. Автор бұл персонаждардың образдарын жан-жақты ашуға мән бермеген, сондықтан да олар тек сөз арасында ғана қосалқы қызметтер атқарумен шектелген. Негізгі сюжеттік оқиға Гүлкашима мен Баймұхамбет арасында өрбиді.

Поэманың бас кейіпкері – қыз бен жігіт. Олар бір-бірін сүйеді, бірақ үлкен оқиға не іс-әрекеттен гөрі бір-бірімен тек хат арқылы ғана байланысады, қарым-қатынасы тек сөз арқылы өрбиді.

Поэманың орталық кейіпкері-Гүлкашима. Автордың бейнелеуінше, ол өз ортасынан дара шығып, сауатты, ақылы ажарына сай, әдепті де зейінді, өз дәуірінің ең алдыңғы қатардағы перзенті. Автор қызды бізге былайша таныстырады:

*Меңзесем қор қызына болмайды ұят...  
Таранған тоты құстай бір асыл зат.  
Ақ жүзді, ақылы кәміл, шырын сөзді,  
Үстіне сәндік үшін киген манат.  
Болғанда маңдай жазық қызыл жүзі,  
Татиды шекер балдай айтқан сөзі.  
Жігіттің тұла бойын балқытады,  
Қараса жәудірген қара көзі.  
Өрілген он екі тал желке шашы,  
Тігілген кірпігі оқтай, жайдай қасы.  
Үзілген мойыны алманың сабағындай,  
Көрініп тамағынан ішкен асы.  
Бұралған тал шыбықтай құмырсқа бел,  
Он бес пен он алтыға келген жасы.<sup>14</sup>*

---

<sup>14</sup> Сонда...23-24 б

Мұндай портреттен сол дәуірдің ұғымына, талғамына сай қазақ қызын тануға әбден болады. Мұннан ұлы Абай жасаған қыздың портретінің де әсері байқалады.

Гүлкашима - Медетбай сияқты мыңды айдаған байдың төрт ұлының ортасында ерке өскен жалғыз қызы. Баймұхамбетпен кездескен соң жас, өнерлі жігітті ұнатып қалады. Бірақ өз ортасының моралын берік сақтаған Гүлкашима қанша сүйіп, ұнатып тұрса да, Баймұхамбетті бойына дарытпайды. Жігіттің әзіліне әзілмен, құрбылық назына ақылмен жауап қайтарып отырады. Автор Гүлкашима образы арқылы әйел-қыздарды биік адамгершілікке, өз жарына, құдай қосқан қосағына деген адалдыққа үйрететін сияқты. Гүлкашима бұл жағынан ақынның «Топжарған» поэмасындағы әйелге келіңкірейді.

Баймұхамбеттің жазған хаттарын жауапсыз қалдырмауы да Гүлкашиманың ақылдылығы мен алды-артына ой жүгірте білетін салмақтылығын, ұстамдылығын танытады. Әрине, Гүлкашима Баймұхамбетке жазған хатында:

*Сөз жазған осылай деп Гүлкашима,  
Жақсы ат жоқ бұл дүниеде ұрғашыға.  
Аһ, дүние баяның жоқ, жалған дүние,  
Талайды арманда қып, алған дүние,  
Мақсатқа қиялдағы жеткізбестен,  
Көңілге кетпес дертті салған дүние,-<sup>15</sup>*

дейді. Бұл қатарлардан Гүлкашиманың сол дүниеге, қыздарын малға сатқан қазақ ғұрпына наразылығын, іштей қарсылығын байқау қиын емес. Ақын Гүлкашиманы тек сырттай таныстырумен шектелмейді, оның ішкі сырын да осында хаттары арқылы жайып салып отырады.

Гүлкашима Баймұхамбетті қанша сүйгенімен адамдық, адалдық шегінен аттамайды, онымен бәрібір мәңгілікке қосыла алмайтынына көзі

---

<sup>15</sup> Сонда...29 б

жеткен қыз жігітті де, өзін де әуре-сарсаңға салғысы, елдің өсек-аяңына таңғысы келмейді. Өзі сүймесе де маңдайына тап келген, қалың берген, баталасқан күйеуіне адал болмақ, оған қалтқысыз қызмет етпек ниеті бар, жақсы келін атанып, тәрбиелі бала өсіріп, абзал ана болғысы келеді.. Мұнысы Гүлкашиманың ұғымына, дүниетанымына сай, нанымды.

*Әркімдер ақылды дер мені мақтап,  
Мен батаны бұзбасын сүрені аттап.  
Мойныма жұрт батасы ауып кетсе,  
Құлармын тар көпірден тайғанақтап,*

Немесе:

*Ренжиді ар төккенге ата-анам,  
Тоқтарсың бұл сөзіме болса санаң.  
Ерің мен ата-анаң, ұстазыңды.  
Бұйырған ренжітпе деп хақтағалам.  
Әркімнің ішкі сыры өзіне аян,  
Сабырдың таяғына мықтап таян.<sup>16</sup>*

Әрине, Гүлкашиманың ескі ауылда өскен, мұсылманша оқыған, ескі түсініктегі қыз. Дегенмен, ол Баймұхамбетке ғашықтығын діннен, құдайдан қорыққандықтан емес, түпкілікті бола алмайтындығын білгендіктен ғана өз жарасын өзі емдегендей күй кешеді. Сүйген жігітінің уақытша болса да ойнап-күлейік деген емеурін тілегіне де тайсалмай жауап қайтарады. Бұл абзалында сүймеген адамына қосақталып кетіп бара жатқан көптеген қазақ қыздарының қолдарынан келе бермейтін ұстам-дылық.

*Бір күні жарым келер есік аша,  
Ойлашы келмей жүрер қашанғаша.  
Бетіме опасыз деп түкірмес пе?  
Біздегі қойған малын таба алмаса.*

---

<sup>16</sup> Сонда... 30 б

*Біздерден іздеп жарым аманатын,  
Сол күнде білінбей ме қиянатым.  
Бұл-күнде мезгілсіздеу көрінеді,  
Біздерден ол-пұл сұрап жазған хатың.*

Поэма түгелдей дерлік Баймұхамбет пен Гүлкашиманың жазған хаттарынан тұрады. Қай хатты алып қарама Гүлкашиманың берік те ұстамдылығы, ақылдылығы айқын танылып отырады.

Демек, «Гүлкашима» поэмасы - әйел теңдігін өз дәуіріне лайықты шеше білген реалистік поэма. Мұның өзі бір жағынан ақынның әйел туралы ескі феодалдық ұғымдарға қарсы әйел затын нағыз адам деп санғандығын, сол ой-пікірін көркем шығармада Гүлкашима образы арқылы дәлелдеп бермек болғандығын көрсетеді. Гүлкашима-сүймеген адамына баруға іштей риза емес, тек ескі әдетті аттап кету мүмкіндігі, шарасы жоқтықтан ғана мойынсұнып отыр. «Білемін өзім дағы жар жаманын», - дейді бір сөзінде. Бірақ сүйгені үшін, махаббаты үшін күреске шыға алмайды, оған заман, жағдай келмейді. Тіпті, халықтың жаман еркекті жақсы әйел адам қылады деген сөзін де нақты мысал етіп айтады.

*Болғанда жарым жаман, өзім жақсы,  
Қосылған қос жақсыны іздеп тапшы.  
Жақсы әйел жаман ерді жақсы еткен деп,  
Бұрынғы нақыл еткен Мұса патша.  
Нақылы бұрынғының болса рас,  
Бейшараң ол сорлыны жаман қылмас.  
Тимесе бір құдайдың шын қарғысы,  
Иншалла, менің жарым жаман болмас,-*

деген сөздерінен Гүлкашиманың ғашықтық дерттерін адамгершілік, ата салты сияқты мораль қағидаларымен бекерлеуге дейін барғанын көруге болады. Сондықтан да Гүлкашима образын талдағанда, есте болатын бір нәрсе – оның сол дәуір, сол кезең талабына лайықты жасалған образ екенін

естен шығаруға болмайды. Бұл ретте жазушы жақсы жетіскендікке қол жеткізген деуге болады.

«Гүлкашима» поэмасы қыз бен жігіттің бір-біріне жазысқан хаттарына құрылған. Ақын бұл дәстүрге жаңаша мән беріп, мағына дарытады. Гүлкашима ең соңында өзінің ұзатылу тойына қатысуын өтініп, Баймұхамбетке хат жолдайды. Поэманың идеялық түйіні де, Гүлкашиманың бақытсыздық халі *«Қыздың ішкі сыры»* деп аталатын бөлімде көркем және нанымдылықпен суреттелген.

Гүлкашима өзін бақытсыз етуші күшті өзі жасап отырған қоғамдық құрылыстың ерекшеліктерінде деп біледі, сол дәуірге лағынет айтып, наразылық білдіреді. Оның бұл сөздері сол бір көне өмір мен ескі әдет-ғұрыптарға қазақ қыздары атынан айтылған алғашқы пікір, үкім, сезімнің сыртқа шыққан алғашқы көрінісі болып табылады. Гүлкашиманың ауызынан мұнан артық терең, мағыналы да өткір сөздер шықса, ол сол заман шындығына сәйкес келмеген болар еді. Өйткені, қандай қарсылық болса да, бірден толық мағынасында жүзеге аса алмайтыны белгілі.

Гүлкашима образы осы бір ерекшеліктерімен кейін әдебиетімізде Қамардың, Жамалдың, Ғайшаның тууын даярлады, соларға арқау әрі негіз болды. Бұл жағынан алып қарағанда, Гүлкашима бейнесін және бұл поэманы әдебиеттің даму жолындағы кезеңдік тұлға, дәуірлік шығарма деп тану керек. Өйткені, бұл поэма белгілі бір кездегі қоғамдық ой-пікірдің әдебиетте жекелеген кейіпкер арқылы да, кесек шығарма арқылы да көрінуінің алғашқы сәтті беташары іспеттес.

Марқұм А. Нұрқатов *«Абайдың ақындық дәстүрі»* атты монографиясында: *«М.Сералин қаһармандарын нақтылы, ақиқат қалыпта бейнелейтін ақын, Ол Баймұхамбет пен Гүлкашиманы былай қойғанда, Сүлеймен мен оның інісі, Гүлкашиманың немере жеңгесі, әнші әйел*

сияқты екінші топтағы кейікерлерін де көзге елестетіп отырады»<sup>17</sup>, - деп ақынның образ жасаудағы өзіндік шеберлігіне өте дұрыс баға берген.

Гүлкашима поэмада өзі өмір сүріп отырған ортаға қарсы өткір пікірлер айтып, қоғамдық өмірге пайдалы адам болу қажет деген озық түсініктен де хабардар екендігін аңғартады. Баймұхамбетке жазған тағы бір хатында ол:

*Айтайын мағұлым болсын сізге халім,  
Ілгері тілеуім бар менің, жаным.  
Тудырған бұзық болса аналары,  
Кейінгі не болмақшы балаларым.  
Нәсілін адамзаттың өрбітуге,  
Біздерді хақ жаратқан шамаладым.  
Біздерді жолымыздан тайдыруға  
Семірген нәпсіңе ертіп қамаладың.  
Тәңірге уағыда айтып, ұрып қадам,  
Көтерген ауыр жүкті бәни адам.  
Әйелден адам ұлы өрбіген соң,  
Салмағы ауыр жүктің түскен маған.  
Көңілді таста, жігіт, тәуба ойла,  
Халқыңа шамаң келсе тигіз пайда.  
Міндетті ауыр жүкті шын көтерсең,  
Мақшиарда отырарсың қоңыр жайда,-<sup>18</sup>*

дейді.

Поэмада Гүлкашима ұзатылып бара жатқанда артына қарайлап кетеді. Гүлкашима халыққа пайдалы болудың қандай жолмен, қандай түрде жүзеге асатынын дұрыс танып, дұрыс көрсете алмаса да, осы жайында мәселе көтеруінің өзі де сол дәуір үшін ерекше қадап айтарлық

---

<sup>17</sup> А.Нұрқатов. Абайдың ақындық дәстүрі. Алматы, 1987, 224-б.

<sup>18</sup> Сонда... 31-б



мәселе. Демек, халыққа қызмет ету идеясын бірінші болып көтерген қазақ әйелі әдеби кейіпкер болып саналады. Оның образының құнды жақтары да осында.

Поэманың екінші басты да негізгі кейіпкері – Баймұхамбет. Ол жиырма төрт жасқа келген, мұсылманша сауатты, көзі ашық, салдық пен серіліктен де құралақан емес, өз заманының алдыңғы қатардағы бозбаласы. Поэманың сюжеттік мазмұны да осы Баймұхамбет төңірегінде өрбиді.

Баймұхамбет бейнесі шығарманың өн бойында бізбен бірге ілесіп отырады. Өз елінен қыз айттырмай, серілікпен құры босқа бұлғандап жүрген саудайы да емес. Оның өзіне лайықты қыз іздеуі, өзіне жасы мен түр-келбеті ғана емес, адамгершілігі, парасаты мен өнері сай жар таңдауы Баймұхамбет образын молайта, тереңдете түседі. Махаббатқа әншейін кезектегі бір жұмыс деп емес, өмірлік серік деп тануы да оның өз замандастарынан мойыны озық тұрғанын көрсететін жайлар.

Алғаш Гүлкашиманы көргенде, оның өмірлік жар болуға татырлық, парасатты ақыл иесі Гүлкашима келеді. Ол өзінің хаты арқылы қызға ғашықтығын білдіреді, ол сұлуды талғай да, сүйе де біледі.

Поэманың алғашқы тарауы «*Баймұхамбеттің дәптері*» деп аталып, онда Баймұхамбет өзінің тарихын, ата тегін, Гүлкашимамен алғашқы кездесуін, сонымен ғашықтық дертіне шалынуын де келісті жыр жолдары арқылы баяндайды. Мұнда эпистолярлық шығарманың да элементтері бар.

*Ассалаума галейкүм деп сәлем бердік,  
Қонақты үйге кірген көргеннен соң,  
Жеткен қыз көрпе салды түрегеліп.  
Бәйбіше қымыз құйды, қызы берді,  
Күн ыстық, шөлдесем де қымызды ішпей,  
Жаудырап екі көзім қызда болды,<sup>19</sup>-*

дейді Баймұхамбет.

---

<sup>19</sup> Сонда...23-бет.

Мұнан кейін ол тағат таппай, жолда кездескен сол ауылдың бір жігітінен қыздың тарихын сұрап біледі. Сүлеймен деген жігіт арқылы алғашқы ғашықтық сәлемін де жолдаушы Баймұхамбет еді. Хаттың мазмұны жас жігіттің қызға ынтықтығын білдіруден тұрады:

*Көбейіп бұл ғашықтық бастан асты,  
Төгемін қызды ойласам көзден жасты.  
Алдымда көзім жұмсам қыз тұрады,  
Қайғымен астан қалдым, ұйқы қапты.*

Баймұхамбеттің ғашықтық дерті бірте-бірте ұлғая береді.

*Ғашықтық түсті басқа етті алаң,  
Бермеді көркем сабыр хақтағалам.  
Бұл сауда есімді алып, ішімді от қып,  
Күйдіріп өртеген соң алдым қалам.  
Мен бір ай мұнан бұрын сізді көрдім,  
Бір мінсіз көркіңізге қарап тұрдым.  
Бір ұшқын көзіңізден бізге түсіп,  
Лапылдап өртеп кетті, шыдап жүрдім,-*

деген жолдардан Гүлкашимаға деген ынтықтық пен ғашықтық саудасы байқалады.

Баймұхамбет образының сол дәуірдің оқыған, сауатты бозбалаларынан айырмашылығы да, ұқсас жақтары да бар. Оның ғашықтығы көбінесе романтикалық әдіспен берілген. Шынында да, ол Гүлкашимаға бір көргеннен ғашық болады, тез арада хат жазысып, өзінің ойын, арман-тілегін білдіреді. Бұл сол заманға лайықты жайлар болып табылады.

М.Сералин Баймұхамбет сияқты жігіттердің басына түскен ғашықтық саудасы арқылы әйел теңдігі мәселесін мүлде жаңа қырынан шешпек болған. Шынында да, Баймұхамбет Гүлкашима үшін не нәрсеге болса да дайын. Гүлкашимадан жылы сөз, жұбату ести алмаған жас жігіттің

қайғысын ескі қиссалардағы ғашықтардың халіне сәйкес суреттейтін жерлері де бар.

М.Сералин – демократ-ағартушы бағытты қолдаған және елге, халқына қызмет етуге бар күш-жігері мен саналы ғұмырын арнаған адам. Сондықтан да Баймұхамбеттерді алдымен елге, халыққа қызмет ететін нағыз зиялы азамат болса екен, ғашықтық саудасы үшін жанын қию, жас өмірін зая ету мүлде дұрыс емес деген идеяны ұқтырады. Баймұхамбеттің ғашықтық саудасына түскенде, оның азабына төзе алмай, өзін-өзі өлтіруін құптамайды да, қолдамайды да, қайта жастарды ондай әрекеттерден аулақ болуға шақырады. Бірақ Баймұхамбеттің өлімінде үлкен мән жатқандығын поэманы байыптап оқыған әрбір адам білсе керек. Бір-біріне ғашық жастар қосылу мүмкіндігіне ие бола алмаса не істеуі керек? Оларға сүйгеніне қосылу жолын автор көрсете алмайды, көрсету мүмкін де емес еді.

Автордың суреттеуінше, Баймұхамбет оқыған, ақылды жігіт:

*Баймұхамбет жігіт емес зейіні тар,  
Жел сөзге болған екен аруағы жар.  
Ғалымдық әм ақындық бір өзінде,  
Ғылымнан неше түрлі хабары бар.  
Сандықта кітаптар бар неше түрлі,  
Аралап пақырыңыз бәрін көрді.  
Жазыпты Баймұхамбет өз қолынан.  
Бір дәптер тауып алдым өлең-жырды.  
Өлеңге шебер екен болмай кеткен,  
Дәптерде өз ахуалын баян еткен.<sup>20</sup>*

Бұл өлең жолдары Баймұхамбеттің ақындыққа да, әншілікке де ебі бар екенін, ақынның жігіт өнерін зор ілтифатпен еске алып, өзгеге оны үлгі қылып отырғанын көрсетеді. Осындай өз заманының өте өнерлі жасы да

---

<sup>20</sup> Солнда... 35 б.

сүйген адамына қосыла алмаса, бұған кім айыпты деген үлкен сұрақ туады. Оған Баймұхамбет көз жасын төге отырып жауап береді.

Гүлкашиманың тойында айтылған жар-жарда үлкен әлеуметтік мән-мағына бар. Жар-жар айтуға Баймұхамбет ерекше дайындалып, іштей ширығып келген. Жастардың басындағы осындай қасіретті ол өлеңмен айта отырып, өзі сол замандағы әдет-салтқа, ата-баба ғұрпына болған наразылығын да танытады.

Баймұхамбетке, әсіресе, қыздың ұзатылып бара жатқанда тапсырылған соңғы сәлем хатының әсері керемет болады. Бұдан Гүлкашима өзін-өзі болмашымен жұбатып келгендігін, Баймұхамбетке шын ғашық екендігін осы хатында ескерткен еді:

*Менің де сізді ойласам ішім жалын,  
Кетеді кей уақытта ықтиярым.  
Дүниеден татар дәмім таусылғанша,  
Жүрермін тарта-тарта ғашық зарын.  
Ғашығым Баймұхамбет еске түссе,  
Жүрермін жылай-сықтай көзім сүртіп...*

Бұл өлең қатарлары Баймұхамбетке Гүлкашиманың да шын ғашық екендігін тағы бір дәлелдейді. Бұл секілді ғашықтық саудасына шыдай алмаған ол өзін-өзі өлтіріп, поэма аяқталады.

Баймұхамбеттің өлімінде де азды-көпті мән бар. Өйткені бұл арада жігіттің өлуі қазақ даласындағы шешуі қиын проблемалардың біріне айналған әйелдердің бас бостандығын шешуде де алғашқы ізденіс, талаптану, үстем де озбыр қара күшке қарсылық білдірудің өзінше бір көрінісі болып саналады. Баймұхамбет өзінің өлімімен әйелдерді малға сатып, күн орнына жұмсаған феодалдық салтқа әдебиетте алғашқылардан болып қарсылық білдірген, осы күрделі мәселені шешуді қоғам алдына қойған кейіпкер еді. Бірақ ол бұл күрмеуі қиын мәселені қалай шешудің жолын білмеді, сөйтіп жас өмірін өз арманының құрбаны етті. Арманның бәрі

бірдей мұндай қайғылы болып аяқтала бермесе керек-ті. Одан құтылудың жолын табу шарт. Баймұхамбет образы арқылы автордың айтпақ ойы, ашпақ идеясы осында.

«Гүлкашима» поэмасының екі кейіпкері де әдебиеттегі ең алғашқы ұнамды реалистік бейнелер еді. Әрине, оларды мүлде мінсіз, идеал деуге болмас. Бірақ өз заманы үшін аз да болса ілгерілегендік танытты. Олардың екеуі де өз махаббаты үшін ашық күреске шыға алмады, әйтсе де біз оларды махаббат, сезім еркіндігін көксеген, көркем әдебиеттің күрделі жанрларының бірінде алғаш өз алдына проблема ретінде көтерген заманалық кейіпкерлер деуге болады.

Қорыта айтқанда, М. Сералиннің «Гүлкашима» поэмасы қазақ жазба әдебиетінде тек қана әйел теңдігі тақырыбын көтеруде тұңғыш эпикалық туынды болып қана қойған жоқ, жалпы жеке адамның бас бостандығы мен еркіндігі туралы мәселені сөз еткен үлкен де қомақты, құнды шығарма болды.

### 3.3. «Гүлкашима» поэмасының тілімен көркемдігі

М. Сералиннің «Гүлкашима» поэмасы-тақырыбы мен идеясы жағынан ғана емес, көркемдік және стильдік тұрғыдан да шебер қиюласқан туынды. Алдымен поэмада эпистолярлық сипат бар екенін айқындап алу шарт. Шығарма сюжеті тікелей екі адамның бір біріне жазысқан хаттары арқылы өрбиді. Мұның өзі автордың орыс әдебиетіндегі эпистолярлық стильмен жазылған туындыларымен де жақсы таныс болғандығын көрсетеді.

М. Сералин портрет жасауда қазақ ауыз әдебиеті стиліне жақын келіп отырады. Мысалы, Гүлкашима портретін автор былайша суреттейді:

*Таранған тоты құстай бір асыл зат,  
Меңзесем қор қызына болмайды ұят.  
Ақ жүзді, ақылы кәміл шырын сөзді,  
Үстіне сәндік үшін киген манат.  
...Тігілген кірпігі оқтай, жайдай қасы,  
Өрілген он екі тал желке шашы.  
Үзілген мойыны алманың сабағындай,  
Көрініп тамағынан ішкен асы.<sup>21</sup>*

Әрине, мұнда Гүлкашима портретін Баймұхамбет ауызынан айтқызады. Автор өзі айтқанда, реалистік тұрғыдан суреттелер ме еді, қайтер еді? Демек, ақын бұл шығармасында көбінесе, ауыз әдебиеті дәстүрін кең пайдаланғандығын көруге болады.

М. Сералин қазақ әдебиетінде қазақ тұрмысынан алып, алғаш рет сюжеттік поэма жазған қаламгер болғандықтан, оған бүгінгі күннің талабы тұрғысынан қарауға болмайды. Оның үстіне ақын стилінде сюжетті тұтқиыл оқиғаға құру машығы байқалады. Мысалы, «Топжарғанда» осылай болатын. Қолға түскен адай жігіті арқылы оқиға тұтқиылдан бірден өрістеп кете барады. «Гүлкашима» поэмасында да Баймұхамбет

---

<sup>21</sup> Сонда..18 бет.

Гүлкашимаға бір көргеннен ғашық болады да, тез хат жазысып, екеуінің арасындағы қатынас тез өрби бастайды. Қазіргі тұрғыдан қарағанда, жастардың бірін бірі бір сәт көруден ақ ғашық болуы, ешқандай кездесіп сөйлеспей, ұғыныспай бірін-бірі соншалықты сүйіп қалуы ерсі көрінуі де мүмкін. Бірақ поэмаға сол дәуір түсінігі тұрғысынан қарасақ, бұған таңдануға болмайды.

«Гүлкашима» поэмасында өзіне лайықты композиция да бар. Әрине, оқиға тек хат арқылы ғана өрістейді, бірақ сонымен қатар автор сол дәуірдегі халық дәстүрін де, тұрмысын да ретті жерінде баяндап отырадды. Мұны жастардың алтыбақанға келуі, жайлау қызығы, қыз ұзату, жар-жар тәрізді эпизодтарынан көруге болады. Әлбетте, поэма тікелей қазақ өмірінен алып жазылғанымен, мұнда ауыз әдебиетінің де әсері жоқ емес. Әсіресе, қисса, хикая тәрізді күрделі жанрлардың ықпалы автордың баяндау, суреттеу тәсілдерінен де жиі байқалады.

Поэмада автор қазақ тілінің мол мүмкіншілігін орынды пайдаланып отырған. Негізгі идея қазақ қыздарының бас бостандығы мәселесі болғандықтан, сюжеттік арқау да тек Гүлкашима мен Баймұхамбет төңірегінде өрбиді. Бұл бір жағынан ұтымды да әдіс деп есептеуге болады. Әрине, екі жақтың бірден ұғынысып, ешбір тілге келмей-ақ, ғашық бола қалуы ертегі қиссалардың әсері деп білсек те, поэманың нағыз реалистік сипатын жоққа шығаруға болмайды.

Қорыта айтқанда, М. Сералин өзінің «Топжарған», «Гүлкашима» атты реалистік поэмаларымен қазақ әдебиетіне сюжеттік, реалистік, эпикалық туындылар әкелді және XX ғасыр басындағы қазақ поэмаларын биік сатыға көтере білді.

## Қорытынды

Қазақ әдебиетінің XX ғасырдың бас кезіндегі тарихы, өркендеуі туралы сөз бола қалса, алдымен А. Байтұрсынов, М. Дулатов, С.Торайғыров, С. Көбеев, С.Дөнентаев есімдерімен бір қатарда М.Сералиннің де аты аталады. Мұхаметжан есімі тек қазақтың әдебиеті тарихында ғана емес, қазақ баспасөзі, журналистикасы тарихында да үлкен әріптермен жазылып қойылатын есім. Ол – төңкерістен бұрынғы қазақ баспасөзінің негізін қаласуға А.Байтұрсынов, М. Дулатовтармен бірге ат салысқан журналист-қаламгер. Сондықтан да М.Сералинді қазақтың тұңғыш журналисі, аудармашы, ақын, публицист, бір сөзбен айтқанда мәдениетіміздің тұлғалы, ірі қайраткері деп таниды.

Бітіру-мамандық жұмыстың мақсаты- М. Сералиннің көп қырлы шығармашылық еңбегінің журналистика мен публицистика және көркем поэмаларын зерделеу еді. Ақынның аударма,күнделік, мақала саласындағы еңбектері өз алдына талдауды, зерттеуді қажет етеді.

М. Сералин творчествосын жан-жақты зерттеген қазақ ғалымдарынан тек екі әдебиетшіні ғана өзгелерден бөліп атауға тиіспіз. Мұның бірі – XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетін ұзақ жылдар бойы зерттеген, өмірінің ақырына дейін осы дәуір әдебиеті жайында көптеген еңбектер жазып, артына бағалы ғылыми мұра қалдырған Б. Кенжебаев болатын.

Б.Кенжебаевтың «XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті», «XX ғасыр басындағы қазақтың демократ ақын-жазушылары» атты еңбектерінде М. Сералин шығармашылығына арнайы тарау берілгенін, тұңғыш рет жүйелі түрде зерттеу нысанына айналған. Ғалым: *«Мұхаметжан Сералин «Айқап» арқылы, оның бетінде басылған өз шығармалары арқылы қазақ халқының Абай мен Ыбырай негізін салған жаңа әдебиетінің XX ғасыр бас кезінде өркендей түсуіне ат салысты. «Топжарған», «Гүлкашима» деген*



*поэмалары өз заманындағы жаңа, реалистік поэмалар болып саналады»<sup>22</sup>*, -деп көрсетеді.

М. Сералин шығармаларын, жалпы XX ғасырдың бас кезіндегі әдебиетті жан-жақты зерттеген ғалым, Қазақстан Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Ә.Дербісалин еді. Оның авторлығында «Қазақ әдебиеті тарихының» екінші томының XX ғасыр бас кезіндегі әдебиеті тарихына арналған кітабында М. Сералинге арнайы бөлім берілген. 1986 жылы жарық көрген «Төңкеріс алдындағы қазақтың демократияшыл әдебиеті» деп аталатын монографиясында да М.Сералин творчествосы тарихи бағасын алады.

Бұдан өзге Т.Амандосовтың «Қазақ баспасөзінің дамуы», Ә.Жиреншиннің «Қазақ кітаптары тарихынан» т.б. еңбектерде Мұхаметжан Сералин туралы қомақты ойлар, келелі пікірлер берілген.

М. Сералиннің әңгіме болған публицистикасы мен екі поэмасы қазақ әдебиеті тарихында ерекше орны бар туынды, тұңғыш реалистік шығарма екені белгілі.

Қазақ әдебиеті тарихында: *«Ақын Мұхаметжан Сералиннің есімі тікелей қазақ өмірін суреттейтін сюжетті поэмалар жанрының туып, қалыптасуы мәселесінде бірінші кезекте аталады. Оның әдебиетімізге қосқан өзіндік үлесі де осы еңбектерімен өзектес»*, - делінген.<sup>23</sup>

М.Сералин туралы ой қорытқанда, алдымен олар өз дәуірі алға қойған келелі мәселеге үн қосып қана қойған жоқ, оларды демократтық, халықтық тұрғыдан шешуге де ат салысты. Сондықтан да, ақынның «Гүлкашима» поэмасының жастарға қарата айтқан үндеуі бар. Автор Гүлкашима мен Баймұхамбеттің қосылмауына сол дәуірдегі ата-аналар арасындағы салт-дәстүр, феодалдық әдет-ғұрып айыпты екендігін көрсете отырып, ғашықтық дерті үшін ашық күреске шыға алмаған, өз махаббаты үшін белсене

---

<sup>22</sup> Б.Кенжебаев. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Алматы, 1989, 224-бет

<sup>23</sup> Қазақ әдебиеті тарихы. II том, 2 кітап. 224 б.

күресу орнына, өз жанын құрбан етумен ғана шектелген Баймұхамбетті де құптамайды. Ақынның айтпақ идеясы өмірдегі бар талантың мен білімді ең алдымен халқыңның игілігі үшін жұмсау қажет екендігін таныту болатын.

*Келсе хал, пайда ойла, қазақ елге,  
Ғұмырды Байекеңдей берме желге.  
Жауһарын әуейлікпен отқа жаққан,  
Фибрат Баймұхамбет білгендерге.  
Жас күнің өнер іздер нақ дер шағың,  
Халқыңның ойлай берші аруағын.  
Бата сол бізден сізге, газиздерім,*

*Сор қазақ көтере бер аруағын,-* деген жолдар ақынның демократ-ағартушылық идеясын өте берік ұстанғанын көрсетеді.

Мамандық жұмыста М.Сералин шығармашылығы бойынша жазған еңбекті, тақырыпты қорытындылай келе мынадай тұжырымдар жасадық:

М.Сералиннің «Айқап» журналын шығаруы қазақ халқының қоғамдық-әлеуметтік өміріндегі аса зор оқиға болып табылады;

М.Сералинді тұңғыш қазақ тілінде шыққан журналдың редакторы және ұйымдастырушысы әрі қазақ журналистикасы тарихындағы тұңғыш кәсіби журналист деп танымыз;

Ақын қазақ әдебиетіне тұңғыш рет реалистік және тарихи поэма жанрын әкелуші;

«Гүлкашима» поэмасы арқылы М.Сералин әдебиетімізде алғаш рет эпистолярлық жанрдың ірге тасын қалады;

М. Сералиннің зерттеу объектісі болған екі поэмасы да төңкеріске дейінгі әдебиетімізде сюжеттік, реалистік поэманың пайда болғандығын, сыншыл реализм методының әдебиеттің үлкен эпикалық жанрына да мықтап еніп, біржолата беки бастағанын көрсетеді.

М. Сералин поэмалары көтерген мәселелері және олардың көркемдік тұрғыдан шешілуі жағынан да қазақ әдебиетінің үлкен табыстарынан саналады. Автор өз шығармаларында сол дәуір талабы өте қажет етіп отырған маңызды тақырыпты көтере білді және оны биік, көркемдік дәрежеде шешіп берді. М.Сералин шығармашылығының ең басты жетістігі де заман талабына дер кезінде батыл үн қосуы әрі үлкен реалистік әдебиет негізінде шешіп беруінде.

Қорыта айтқанда, ақын әрі аудармашы, журналист М.Сералин қазақ әдебиетін жаңа типтегі реалистік поэмалары арқылы байытты және оның одан әрі реалистік бағытта дамуына үлкен үлес қосты.

## Пайдаланылған әдебиеттер

1. Каримов И.А. Юксак маънавият – енгилмас куч. Тошкент,2008 й
2. Бес ғасыр жырлайды. (жинақ) Алматы, 1994
3. «Заман -ай» жинақ. (құраст. М.Мағауин) Алматы, 2002
4. XX ғасырдағы қазақ ақындарының шығармалары. (жинақ) Алматы, 1982
5. М. Сералин «Топжарған» шығ.жинағы. Алматы, 1991
6. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Алматы, 1985
7. З. Қабдолов. Сөз өнері. Алматы, 1992
8. Қ.Жұмалиев.Әдебиет теориясы. Алматы, 1987
9. Т.Әбдірахманов. Жаңа ғасыр көгінде. Алматы, 1993
10. Б.Кенжебаев. Жылдар жемісі. Алматы, 1989
11. Б.Кенжебаев. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Алматы, 1984
12. Б.Кенжебаев. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. Алматы,1987
13. Б.Кенжебаев. Түрік қағанатынан бүгінге дейін. Алматы, 2004
14. Ә. Дербісалин. Қазақтың демократияшыл әдебиеті. Алматы,1999
15. Ә.Дербісалин. Әдебиет туралы толғаныстар. Алматы, 1990
16. Ә.Дербісалин. XX ғасырдағы қазақ ақындары. Алматы, 1989
17. Қ.Жұмалиев, С.Қирабаев. Қазақ әдебиеті. (оқулық) X сынып. Алматы, 1991
18. Б.Ысқақов. Қазақ – татар әдеби байланысы.Алматы, 1990
19. С.Қирабаев. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. Алматы,1999
20. Х.Сүйіншәлиев.Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, 2002
21. У.Қалижанов. Қазақ әдебиетіндегі діни ағартушылық ағым. Алматы, 2002
- 14.Т.Қожекеев. Қазақ сатирасының даму жолдары. Алматы, 1981